



ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ

заң мен тәртіпке
жүгінеді

6

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №48 (6499) 14 маусым, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



АҚОРДА

«ҰЛЫ ДАЛА АЛТЫНЫ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Корея президенті Юн Сок Ёль
ұлттық жауһарларымызды паш ететін көрмені тамашалады



Саяси салмағы бар кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Юн Сок Ёль екі ел өнерпаздарының гала-концертін тамашалады. Мәдени іс-шараға дейін мемлекеттер басшылары Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының фойесіне қойылған «Ұлы дала алтыны» көрмесін аралап көрді. Көрмеге алтыннан жасалған археологиялық тарихи жәдігерлер, соның ішінде басты экспонат ретінде Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» реконструкцияланған киімі мен қару-жарағы қойылған.

Содан кейін екі ел президенттері Қазақстан мен Кореяның танымал мәдениет қайраткерлерінің, өнер ұжымдарының концертін тамашалады.

Бағдарлама аясында шетел композиторларының туындылары, әлемге әйгілі опералардан үзінділер орындалды. Сонымен қатар, бірнеше хореографиялық композиция ұсынылды.

Концертте жеке орындаушылармен қатар, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры мен Мемлекеттік республикалық корей музыкалық комедия театрының артистері, «Бірлік», Korean Culture Leaders ансамбльдері өнер көрсетті. Кешті Корея ресми делегациясының өкілдері және еліміздегі этномәдени бірлестіктердің мүшелері де тамашалады.

(Қос елдің мүддесі, көздейтіні не? Осы сауалға жауап беретін сараптамалық мақаламызды 2-беттен оқи аласыздар).

Елімізге мемлекеттік сапармен Корея Республикасының президенті Юн Сок Ёль келді. Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің шақыруын қабыл алып, елімізге сапармен келгені үшін корейлық әріптесіне алғыс айтты. Сондай-ақ, мұны екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға деген шынайы ниеттің айқын көрінісі деп бағалайтынын жеткізді. Қос тарап арасында бірнеше меморандумға қол қойылды.

ӘКІМ

ЕМДЕУ МЕКЕМЕСІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев №1 қалалық аурухананың бұрынғы мәртебесін қайтаруды тапсырды

Биыл наурыз айында сот арқылы коммуналдық меншікке қайтарылған Алматыдағы №1 қалалық аурухана толық жөндеуден өтеді. Мегаполис әкімі Ерболат Досаев Наурызбай ауданын аралау барысында қаладағы денсаулық сақтау нысандарының бірі – №1 қалалық клиникалық ауруханаға барды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2018 жылдан бері ол кейін сатып алу құқығынсыз «Smart Health University City» ЖШС-нің сенімгерлік басқаруында болды. Аурухананың жағдайы мүшкіл, қазір күрделі жөндеуді қажет етеді.

Нысанды қалпына келтіру және сапалы медициналық қызметтерді қамтамасыз ету мақсатында ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап сенімгерлік басқару тоқтатылды. Аурухана сот арқылы коммуналдық меншікке қайтарылды.

Жұмыс сапары барысында Алматы қаласының әкімі клиниканың қызметімен танысып, ұжыммен кездесті. Ерболат Досаевқа стационарда сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу жүргізу қажеттігі туралы баяндалды. Атап айтқанда, қасбет пен шатырды жөндеу, инженерлік және желдету жүйелерін ауыстыру, жөндеу гидроқшаулау және



нығайту және өрескел әрлеудегі бөлімдерді жөндеу қажет. Медициналық жабдықты жаңарту қажет.

Қала әкімі мекемені дамытудың маңыздылығын атап өтіп, қала тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетудің маңыздылығын атап өтті.

– Ауруханаға бұрынғы мәртебесін қайтару, қасбет бөлігіне жөндеу жұмыстарын жүргізу, қажет болған жағдайда медициналық оңалту бөлімшесін кеңейту, азық-түлік блогын оңтайландыру, оттегі станциясын ретке келтіру қажет, – деді қала басшысы.

Бүгінгі таңда демеушілік қаражат есебінен қабылдау бөлімшесінің кіру тобын қайта жаңарту, 4-ші павильонның шатырын жөндеу және асфальт жабынын жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ағымдағы жылы төсек қоры 64-орынға кеңейтілді. Бұл аурухана 600 төсекке есептелген, бірақ қазіргі уақытта 420 төсектік тәулік бойғы стационар, 40 төсектік күндізгі стационар, 50 төсектік оңалту бөлімшесі, 80 төсектік перзентхана бөлімшесі жұмыс істейді. Айта кетейік, аурухана ғимараты 4 павильоннан тұрады, жалпы ауданы – 41,9 мың шаршы метр.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

14.06.2024

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

15.06.2024

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:

3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz





СЫРТҚЫ САЯСАТ

ҰСТЫН мен ҰСТАНЫМ

Қазақстан мен Кореяның халықаралық деңгейде көздейтін көптеген мәселесі ұқсас

Корея Республикасы бүгінде Шығыс Азияда ғана емес, жаһандық саясатта ықпалды саяси қатысушыға айналған. Бұл – еліміз үшін сенімді серіктес әрі стратегиялық әріптес мемлекет. Нанотехнологиялардан бастап, инновацияға негізделген экономика, бәсекеге қабілетті адам капиталын қалыптастырған елдің президенті Юн Сок Ёль бізге мемлекеттік сапармен келді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шақыруды қабыл алып, елімізге сапармен келгені үшін корейлық әріптестеріне алғыс айтты.

Тараптар арасындағы байланыс

Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы тауар айналымының көлемі бүгінде 6 миллиард доллардан асты. Корея президентінің Орталық Азияға сапары алдында үкіметі аймақ елдерімен ынтымақтастығы туралы «K-Silk Road» бастамасын жариялады. Тараптар арасындағы байланыс, экономикалық саладан бөлек мәдени, гуманитарлық, ғылым және технологиялар саласында артпақ. Мақаламызда Корея президентінің елімізге жасаған мемлекеттік сапарының мәні мен мазмұнын, нәтижесі мен болашаған талдаймыз.

Қазақстан мен Кореяның мүдделері ортақ, «Орта держава» мемлекеттері ретінде жаһандық саясаттағы геосаяси, қауіпсіздік мәселелері бойынша көптарапты дипломатия, БҰҰ жарғысы, халықаралық құқық нормаларын белсенді қолдауымен ерекшеленеді. Корей президентінің елімізге жасаған бұл жолғы мемлекеттік сапары басты екі ерекшелікке ие болды. Біріншіден, Юн Сок Ёльдің Орталық Азияға президент ретінде жасаған алғашқы сапары болса, екіншіден, сапар аясында 11 меморандумға қол қойылып, қазақ-корей ықпалдастығы жаңа деңгейге көтерілді. Аталмыш құжаттар аясында қос ел арасында алдағы уақытта энергетика, мұнай-газ, өнеркәсіп, экономика, ғылым, экология, көш-қон салалында нақты ілгерілеу болады.

Адами капитал маңызды

Юн Сок Ёльдің мемлекеттік сапары аясында қос ел арасында ерекше көңіл бөлінген салаларды негізгі үш бағытқа бөліп қарауымызға болады.

РЕЙД

Алматыда студенттік жатақханалардың жай-күйі тексерілді. Жатақханалардың жағдайын тексеру мақсатында құрылған арнайы топ өкілдері С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің жатақханаларына рейд жүргізді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының ұйымдастыруымен өткен шараға С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-нің проректоры және БАҚ өкілдері қатысты.

Алматы қаласында оқитын студент үшін жатақханадан орын алу – ең өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-да 15 724 студент оқиды. Университетте санитарлық талаптарға сай инженерлік коммуникацияларға жөндеу жұмысы жүргізілген 3168 төсек-орынға арналған студенттік жатақханалар бар. Былтыр жатақхананың материалдық жағдайын жақсартуға 122 млн теңгеден астам қаражат жұмсалса, ал биыл 574 млн теңге бөлінді. Бұл қаржының ішіне бөлмелерді жөндеу, жаңа жиһаз сатып алу және жатақханаларды WiFi сымсыз желісімен жабдықтау кіреді. Әр жатақханада компьютерлік залдар, әр қабатта демалыс орындары мен ас бөлмесі, т.б. бар.

Аталған университетте барлығы 8 студенттер жатақхана-сы бар. Алдымен топ өкілдері оқу орнының ең жаңа жатақхана-сында болды. Бұл жерде студент бір бөлмеде тұратын бол-са, жатақхана ақысы – 10 айға 190 мың теңге.

«Оқу ордасына 2021 жылғы оқуға түстім. Содан бері жатақханада тұрамын. Жалпы, студенттер үйінің жағдайы өте жақсы деп айта аламын. Барлық жағдай жасалған. Ең бастысы, жатақхана бағасы студенттің қалтасын кө-



Дереккөз: Ақорда.kz

• **Биыл Корея мен Қазақстан арасында стратегиялық серіктестіктің орныққанына 15 жыл толып отыр. Елімізде 120 мыңнан астам корей диаспорасы тұрады. Кореяның капиталы бар, 700-ден астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Корея сыртқы сауда айналымы бойынша төртінші орында, елімізге салынған корейлік инвестиция көлемі 9,6 миллиард долларға жетіп, ең ірі шетелдік инвесторлардың ондығына кірді.**

Біріншіден, екі мемлекет арасында сауда айналымы көлемін арттыру мақсатында екі тараптық инвестиция тарту, өндіріс саласында әріптестікті арттыру қос тарап үшін де маңызды болып отыр.

Мысалы, бүгінде елімізде корейлік Samsung, Hyundai, Kia, Lotte, Posco және тағы да басқа компаниялар сәтті жұмыс істеуде. Дәлірек айтсақ, Doosan Enerbility компаниясы Түркістан облысында бу-газ қондырғысы арқылы жұмыс істейтін электр стансасын салуда. Осы жолғы мемлекеттік сапар нәтижесінде корейлік алпауыт Kia компаниясы елімізде келесі жылдан бастап көлік құрастыру өндірісін жолға қоятын толық көлемді автозауыт салатын болады. Kia бізде толық құрамда көлік құрастыру үшін 200 миллион доллардан астам инвестиция салды. Ескеретін жайт, Kia компаниясының бұл зауыты Корея Республикасынан тыс орналасқан алғашқы өндіріс орны болмақ. Бұл дегеніміз, оңтүстік корейлік тараптың еліміздің өндірістік әлеуетіне деген сенімі деп білеміз.

Бұл қадамдар елімізде отандық өндірістің дамуына серпіліс беріп, мыңдаған жұмыс орнын ашып, азаматтарымыздың стратегиялық негізде, тәжірибе алмасуында да ерекше маңызға ие болмақ. Алайда, Корей тарапы да елімізден экспортталатын шикізат көзіне

қызығушылық танытып отыр. Себебі, өндірісі қалыптасқан корей экономикасы шикізат импортына тәуелді. Осы тұрғыда Қазақстан–Корея байланысы екі тарапқа да тиімді болып отыр.

Екінші бағыт, Қазақстан мен Корея Республикасы арасында ғылыми зерттеу, кәсіби білім беру саласындағы ынтымақтастықтың артуы. Кейінгі жылдары корейлік ғылыми зерттеу орталықтары мен жоғары оқу орындары халықаралық рейтингтерде жоғары орындардан көрінуде. Бұл тұрғыда корейлік ғылыми институттардың тәжірибесін елімізде қолдану өте маңызды қадам. Юн Сок Ёльдің мемлекеттік сапары нәтижесінде біздің Қызылорда, Түркістан облыстарында беделді корейлік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылатын болады. Жыл сайын елімізден жүздеген зерттеушіміз корейлік оқу орындарында білім алып, тәжірибеден өтеді. Ендігі кезекте корейлік жоғары оқу орындарының филиалдарының елімізде ашылуы қос тараптың ғылымдағы әріптестігін нығайтатын болады.

Үшіншіден, Корея Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы көп-жақты байланыстың алтын көпірі бұл – адамдар. Жоғарыда атап өткеніміздей, елімізде 120 мыңнан астам корей диаспорасы тұрса, Кореяда білім алып, кәсіби мансап қалыптас-

тырған 20 мыңнан аса отандасымыз тұрады. Сондықтан қос халық арасында мәдени байланыстың салмағы басым. Корея президенті Юн Сок Ёль елімізде тұратын корей диаспоралары өкілдерімен де кездесіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен бірге екі ел өнерпаздарының гала-концертін тама-шалауы – қос ел арасында мәдени байланыс-тың мығым екендігінің дәлелі. Қазақстан азаматтары үшін былтырдан бастап күшіне енген 30 күн бойына визасыз саяхаттай алу мүмкіндігі қос мемлекет арасындағы мәдени әлеуметтік байланысты нығайта түсетініне де сеніміміз мол.

«Корея – Жібек жолы» айқын

Корея президенті Юн Сок Ёль баспасөз мәслихатында «Корея Республикасының Орталық Азиямен ынтымақтастығының маңыздылығын ескере отырып, «K-SILK ROAD ынтымақтастық бастамасын» жариялады. Бұл бастама біздің ел мен Орталық Азия арасындағы 30 жылдық тәжірибеге негізделген ауқымды жоба болмақ» деп атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан–Корея бизнес форумында» Корея тарапынан ұсынылған «Корея – Жібек жолы» жобасының маңызына тоқталып, толық қолдайтынын жеткізді. Келесі жылы бұл жобаның алғашқы саммиті Сеул қаласында өтеді.

Оңтүстік Корея үшін Орталық Азия елдері ауқымды нарық, логистикалық хаб, геосаяси түрде ерекше маңызға ие. Украина жеріндегі саяси шиеленіске байланысты көптеген ресейлік экономика салаларына санкция салынуы себепті біраз корейлік жоба Орталық Азияға қоныс аударып еді. Қазіргі күні Орталық Азия елдері Корея үшін негізгі шикізат көзінен бөлек, ұзақ мерзімді стратегиялық маңызға ие аймаққа айналып отыр.

«Корея – Жібек жолы» жобасының мақсаты айқын. Оңтүстік Кореяның алпауыт индустриясы үшін қажетті шикізат көздерін Орталық Азия елдерінен алу салыстырмалы түрде ең тиімді жол болмақ. Осы жоба туралы айта келе, Корея Республикасының президенті Юн Сок Ёль «Қазақстанның бай минералдық ресурстары мен Кореяның технологиялық мүмкіндіктерін біріктіре отырып, осы сапар барысында біз негізгі пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін нығайтуға, дәлірек айтсақ, осы салаға қатысты өзара түсіністік туралы үш меморандум жасауға келістік», – деп атап өтті.

Десе де, қазіргідей халықаралық геосаяси мәселелер ұшығып тұрған тұста, «Орта держава» мемлекеттері арасындағы өзара сенімге негізделген ынтымақтастықтың маңызы өте зор. Себебі, тығыз экономикалық, мәдени-әлеуметтік байланыстың негізі тараптар арасындағы өзара тиімді байланыстың негізін қалайтын болады.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ЖАТАҚХАНА

Тағы 2 студенттер үйі пайдалануға берілді



Студенттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙЫ.

тереді», – дейді С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің 3-курс студенті Нұртілек Қадырбекұлы.

Сондай-ақ, арнайы топ оқу жылының басында қолданысқа берілетін жаңа студенттік жатақхананың құрылыс барысымен танысты. Жоба бойынша бұл студенттік үйде де оқуға және демалуға барлық жағдай жасалған.

Университеттің проректоры Убайдилла Махамбетұлының айтуынша, студенттік үйлерге, алдымен, 1-курс студенттері орналасады. Одан кейінгі кезекте халықтың әлеуметтік осал топтарынан студенттер қамтамасыз етіледі.

«Жыл сайынғы мәліметтерге қарасақ, университетке 2500-ге жуық студент оқуға түсетін болса, оның 1 мыңға жуығы жатақханамен қамтылады. Әдетте, студенттер жатақханадан орын алу үшін электронды портал арқылы қашықтан өтінім жолдайды. Дегенмен де, жатақхана тапшылығын жою үшін биыл тағы бір жатақхана студенттер игілігіне беріледі. Жаңа үлгідегі заманауи жатақханада 420 орын бар. Сонымен қатар, университет 480 орындық жатақхана салу бойынша мемлекеттік инвестициялық жоба әзірледі. Құрылыс осы жылдың соңында басталып, 2025 жылдың соңына дейін аяқталады», – деді ол.



БАЙЫПТАМА

МӘСКЕУГЕ САЛЫНҒАН ЖАҢА САНКЦИЯ:

Рубльге сілтенген сойыл теңгеге тимей ме?

Ресей ұлттық валютасының АҚШ доллары мен еуроға шаққандағы құны күрт құлады. Бұған Вашингтонның кезекті санкциясы себеп болды. Екі күннен бері бұл отандық және шетелдік сарапшылардың басты назарында тұрған тақырыпқа айналды. Себебі, бұл жолы санкция Ресейдің жетекші қаржы нарығы саналатын Мәскеу биржасына (MOEX.MM/Мосбиржа) бағытталды. Мәселе рубль мен доллар арасында болып жатқанымен, солтүстік көршімізбен болған тығыз экономикалық, қаржылық байланыстардың себебінен бізге де салмақты әсерімен келері анық. Осы орайда басылым оқырмандарына осы жаһында ауқымды ақпарат беруге тура келеді.

«Биржаға түскен бомба»

Вашингтонның жаңа санкциясы сол елдің жергілікті уақытымен сәрсенбі күні жарияланды. Ақ үй бұл әрекетін Ресейдің Украинадағы соғысын қолдайтын қаржы мен тауар ағынын жан-жақты шектеу мақсатында деп түсіндірді. Әрине, санкцияны елдің Қазына департаменті белгілейді. Олар бұл жолы Ресейдің қорғаныс өнеркәсібіне инвестиция салуды жеңілдетіп келген, соғысты жалғастыру үшін қажетті тауарларды сатып алуға ыңғайлы етілген қаржы жүйесінің құрылысын нысанаға алғанын ашық айтты.

Байденовтің жаңа санкциясы пакеті жариялана салысымен, Ресей Орталық банкі мен «Мосбиржа» да өз мәлімдемесін жасаған. «АҚШ-тың Мәскеу биржалық тобына қатысты шектеу шараларын енгізуіне байланысты биржалық сауда мен жеткізілетін құралдарды АҚШ доллары немесе еуромен есеп айырысулар тоқтатылды», делінген аталмыш мәлімдемеде.

Ресейде 12 маусым ұлттық мереке – «Ресей күні». Егескендей санкция да дәл осы күні жарияланды. Сол күні кеште биржа бағамында рубльдің бір долларға шаққандағы құны 89,10, ал еуроға шаққанда 95,62 рубль шамасында жапты. Ал санкциялар туралы мәліметтер шыға салысымен кейбір банктер доллар бағамын бірден көтерді. Бәрінің назарын аударған Norvik Bank болды, ол бір долларды 50 рубльмен сатып алып, 200 рубльге сататынын көрсетті. Бірақ кейін жағдайды қайта бағамдаған болуы керек, бағаларды қайта өзгертіп, сатып алу 88,20-ға, ал сатуды 97,80 рубль деп белгіледі. Cifra bank болса долларды 89 рубльден сатып алып, 120 рубльден сатып жатты. Тек ірі банктерде ғана сату мен сатып алу арасындағы айырмашылық 6-7 рубль шамасында болды.

Оқырманға түсінікті жеткізу үшін бұл мәлімдемені Мәскеу биржасына түскен қуатты бомба деп бейнелеген дұрыс болар. Өйткені, Орталық биржа банктер, компаниялар мен инвесторлар үшін өтімділік, клиринг және қадағалау тұрғысынан артықшылықтар беріп келген. Ендігі жерде доллар немесе еуромен бірде-бір сауда жасалынбаса, аталған тараптар үшін биржадан тыс сауда жасау үлкен қиындықтар алып келеді. Банктер, инвесторлар мен түрлі компаниялар экономиканың қантасымыры екенін ескерсек, бұның салмағын ары қарай болжауға да болады.



«Мосбиржадағы» дүрбелен

Турасында, Ресейдің Орталық банкі екі жылдан бері мұндай санкцияны күтіп келгені даусыз. Белгілі дайындығы да жоқ емес еді. Мысалға, 2022 жылы шілдеде Ресей Орталық банкі әртүрлі санкция сценарийлерін модельдейтінін мәлімдеген. Саладағы кейбір ресейлік ұйымдар санкция туралы мәлімдемеден кейін өздерінің бұл жағдайды әуелден күткендерін де айтты. Мысалы, T-Investments брокерінің әлеуметтік желідегі мәлімдемесін келтірер болсақ, «Бұл жаман жаңалық, бірақ күтілген жағдай» деп жазыпты.

«Мосбиржада» доллар мен еуро сатылмаған жағдайда рубль курсы белгілеудің өзге механизмдері бұған дейін де ойластырылғаны анық. Украинадағы соғыс басталғаннан кейін-ақ Батыс санкциялары қаһарына мініп, бірінен соңын бірін ала санкция пакеттерін жариялады. Осы тұста Forbes Russia секілді орталықтар «Мосбиржа» мен оның Ұлттық клирингтік орталығына қарсы санкциялар болған жағдайда рубльдің айырбас бағамын басқару механизмін талқылап жатқан болатын. Шамалауымызша, Ресейдің қаржы саласы қазір алдын ала ойластырылған механизмдерді іске қосуға қамданып жатқан болуы мүмкін. Дегенмен, қазірге дейін рубльдің тұрақты ендігі бағасы туралы тек болжамдар ғана бар. Сарапшылар апта соңына қарай нәтиже белгілі болатынын айтады.

Қалтаны қақпай ма?

МОЕХ.ММ-ге салынға санкция кейінгі онжылдықтарда рубль құнсызданған кезеңдердегі дағдарыстарды еске түсіреді. Көпшілікті бір сұрақ мазалайтыны анық, яғни бұл жағдай қарапайым азаматтардың қалтасына қалай әсер етеді? Алдымен ресейліктер үшін қарастырып көрейік. Көптеген ресейлік өз жинақтарының бір бөлігін долларда немесе еуроға сақтайтыны айтпаса да белгілі. АҚШ Орталық банкінің сәрсенбі күнгі арнайы мәлімдемесінде азаматтардың жеке депозиттеріне әсер етпейтінін айтып өткені бар. Дегенмен, бұның қаншалық сенімді болары әзірге түсініксіз. Негізінде, санкция «Мосбиржаға» бағытталғандықтан, қисын бойынша азаматтар мен компаниялар Ресей банктері арқылы АҚШ долларын немесе еуроны сатып алу-сатуға әбден болады. Алайда, бар мәселе соны қанша рубльге сатып, қанша рубльге қайта сатып алуында тұр.

Мәскеу биржасындағы «бомбадан» кейін ресейліктер өздерінің шетелдік валюталардағы депозиттерінен алаңдап әбгерге түсті. Былайша айтқанда, жеке азаматтардың жинақтары да мұздатылып қала ма, әлде саудалауға шектеу салына ма деген алаңдаушылық болды. Алайда, оған АҚШ-тың Орталық банкі өз мәлімдемесінде жауап берген болатын. Айталық, «Азаматтар мен компаниялардың шоттарындағы және депозиттеріндегі АҚШ доллары мен еуроға барлық қаражаты қауіпсіз күйде қалады», – деп сендірді.

Юань рубльге көмек бере ме?

Ресей – ұзақ уақыттан бері санкцияны бастан өткеріп келе жатқан ел. Сондықтан кезекті санкция салмағы да күйреткіш деңгейінде болады деу тым ерте. Оның үстіне, Мәскеу мен Бейжін арасы кейінгі уақыттарда Батыстың саяси, экономикалық қысымдарына қарсы тіпті де жақындай түскені бар. Қазірдің өзінде «Мосбиржада» ең көп сатылатын валюта доллар мен еуро емес, керісінше, Қытай юань. Ресей Орталық банкінің мәліметіне сенсек, мамырда юань саудаға салынған шетелдік валюталар арасында жартысынан көбін, яғни 53,5 пайызын иеленген екен.

Ал Рейтер агенттігі өз хабарында LSEG мәліметтерін алға тартқан. Онда доллар-рубль саудасының бір күндегі көлемі шамамен, 1 миллиард рубльді, еуро-рубль саудасы күніне шамамен, 300 миллион рубль айналасында. Ал юань мен рубль саудасы күніне 8 миллиард рубльден асып түсетіні көрсетілген. Бұған қарап біз рубльден доллар теріс айналса да, юань көмекке келетінін көріп тұрмыз.

Бізге көлеңкесі түспей ме?

«Мосбиржадағы» дүрбелен, Ресейдегі беймазальықты айтып отырғанымыздың бәрі шындап келгенде өз қамымыз. Біз үшін ең маңызды сұрақ – Ресейге салынған санкцияның бізге қандай әсері бар? Нақтылай түссек, теңгеміздің жағдайы қалай болады? Міне, осы мәселелер бізді көбірек қызықтырады.

Әрине, Ресеймен арамдыдағы тығыз экономикалық байланыстар тұрғысынан қарағанда бізге де жағымды әсерлерін елестетеміз. Оның үстіне, өткен онжылдықта «рубльге сілтенген сойылдың теңгеге тиген» кезі көп болған.

Санкцияның алғашқы күндерінде-ақ бұл сұраққа жауап беру қиынның-қиыны. Себебі, қазірше рубльдің жаңа курсы Ресейдің өзінде де анық болмай тұр. Соның

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айбар ОЛЖАЙ,
экономист,
сарапшы:



Ресей қаржы секторы қолайлы құралынан айырылды

Жаңа санкциядан кейін «Мосбиржа» еуро мен долларды саудалаудан алып тастады. Бұл дегеніміз – ең алдымен құрсты қалай белгілеу мәселесінде қиындықтар тудырады. Доллар мен еуроны сату-сатып алу жоғалып кетті деген сөз емес. Соның өзінде биржа нақты нарықтық құрсты түзілетін алаңша болды, енді мұндай алаңша жоқ. Енді рубль бағамын қалай шығарады дегенде банктердің доллар мен еуроны сату-сатып алуға қойған бағалары арасынан ортақ бір баға шығаруына тура келеді. Бұл қаржы секторы үшін өте қолайсыздық алып келеді. Осыған қарап, Ресей қаржы секторы өзіне ең бір қолайлы құралдан айырылды деп айтсақ болады.

Нарық болғаннан кейін, әрине, басқа да бір жолы табылар. Сөйтсе де, қолайсыздықтары көріне бастайды. Биржа кеткеннен кейін банктер негізгі ойыншы болады, әрі олардың долларды сату мен сатып алу арасындағы бағасы алашақ болғанды да осы жақтағы белгісіздіктер көп болуы мүмкін. Алғашқы толқында инвесторлар рубльден кете бастағанда апта соңына дейін рубль құны 15–20 пайызға түсуі мүмкін деп ойлаймын. Нақты болжау қиын, себебі нақты статистика әлі анық емес.

Бізге қандай әсері бар дегенге келсек, теңгеге қарата рубльдің әлсіреуі біздің макроэкономикаға жағымсыз факторлар алып келеді. Айталық, біздің өндірушілер ресейлік өндірушілермен баға бойынша бәсекелесе алмай қалады. Негізгі теңгеміз баяғыдай емес рубльге қатысты қағидадан кетіп қалған. Қазір рубльдің нарықтық құны бізде 5 шамасында тұр. Бақылап көрейік, мүмкін 4,5 немесе 4,4 шамасында тұрақтар. Олай болып жатса қатты қобалжудың керісі жоқ. 4 немесе 3,8 теңге шамасында түсе бастаса, онда қиын болады.

өзінде бізге жағымды болмайтыны анық. Бұндай тәжірибе бұған дейін де басымыздан өткенін ескерсек, Ресей валютасының қатты құлдырауы да, шарықтап көтерілуі де біз үшін қолайсыз тұстары көп. Теңге мен рубль әлсіреп қалса, біздің нарықтық экономикада жағымсыз факторлар көрініс бере бастайды. Әсіресе, отандық және ресейлік тауарлар арасындағы бәсеке кезінде айқын білінеді. Былайша айтқанда, ресейлік тауарлармен еліміздің тауарлары баға бойынша бәсекелесе алмай қалады. Қалай болмасын, солтүстік көршімізбен экономикалық, әсіресе, қаржылық байланыстардың бәрінен біз Батыс санкцияның ықтимал сценарийлерін қоса ескеруге жаттығуымызға тура келеді.

Естай БОЖАН,
сарапшы.





ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

САМОКАТ ПЕН
МОПЕД:Алматыда жол-көлік оқиғасы
жиілеп кетті

Алматы полициясы жолаушыларға үнде жасады. Өйткені, қалада самокаттардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Қала тұрғындарының жайлы және қауіпсіз өмір сүруінің маңызды факторы – жол қауіпсіздігі. Алматы полициясы профилактикалық іс-шараларды күшейтті.

«Қала тұрғындары арасында бала-малы көлік түрлері, соның ішінде самокаттар әлі де сұраныста. Алматыда олардың 50 мыңнан астамы бар, сәйкесінше жол-көлік оқиғасы да көбейген. Жыл басынан бері самокаттардың қатысуымен 38 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 42 адам зардап шекті. Абырой болғанда, қаза болғандар жоқ. Ішкі істер министрлігі қабылдаған шаралар самокаттарды пайдалану жағдайын бірішама тұрақтандыруға мүмкіндік берді: жас шектеулері белгіленді, қорғаныс құралдарын міндетті түрде пайдалануға және жолаушыларды тасымалдауға талаптар қойылды. Алайда, қайғылы оқиғалар әлі де жалғасуда», – деді Алматы қалалық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Серік Шумаев.

Спикердің айтуынша баламалы көлік түрлерін жүргізетін адамдардың ҚР-ның жол қозғалысы ережелерін бұзу деректерін анықтау бойынша да жұмыс күшейтілген. Жыл басынан бері жолдың ортасында жиі қозғалатын, жеке қорғану құралдарының міндетті болуы талаптарын елемейтін, кәмелетке толмағандардың самокаттармен жүруіне жол берген 7,5 мыңнан астам самокат жүргізушілері әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен ТЖ желісі бойынша салынған «Балқаш» таза су резервуары пайдалануға берілді. «Каменск үстірті» шағынауданында су тапшылығы мәселесі шешіліп, тұрғындарға ауызсу келді.

Ернұр
РЫСБАЙ

2023 жылдың мамыр айында басталған ауқымды жоба аясында 6,9 мың текше метрге 5 резервуар және тәулігіне 7,3 мың текше метрге 3 ұңғыма салынды. Резервуарға «Каменск үстірті», «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынаудандарының тұрғындарын сумен қамтамасыз ету үшін 6,1 км жана магистральдық желілер салынды. Сондай-ақ, жоба бойынша жабдықты ауыстырып, қолданыстағы 8 ұңғыма қайта жаңартылды, оның үшеуі «Каптаж» су алу алаңында орналасқан. Бұл жұмыс алынған судың көлемін екі есеге жуық – сағатына 300-ден 500 текше метрге дейін арттыруға мүмкіндік берді.

Осылайша Медеу ауданының инженерлік желілері мен нысандары қолда бар жер асты су жинағыш қуатына қосымша қосылған. «Каптаж», «Бастау» жер асты су қабылдағыштарынан және «Медеу» сүзгі станциясынан түсетін су осы резервуарларда жинақталып, зарарсыздандырылады. Содан кейін сорғылардың белгіленген топтары есебінен ауызсу магистральдық бағыт бойынша «Каменск үстіртіне» таратылады.

Қосымша құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін Көлсай, Мұзтау және «Юбилейный»



шағынаудандарына кезең-кезеңімен су беріледі. Қазір «Көлсай» шағынауданына дейін «Ондасынова» магистральдық құбыры мен сорғы станциясының құрылысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, «Балқаш» сорғы станциясынан «Мұзтау» шағынауданына дейін магистральдық құбыр салу жоспарланған. Соның нәтижесінде 4 шағынауданның 20 мың тұрғыны тұрақты сумен қамтамасыз етіледі.

Медеу ауданының жоғарғы бөлігін сумен жабдықтау жерүсті сумен жабдықтау көздерінің әсер ету аймағында орналасқан. Себебі, бұрын аталған аумақ Алматы облысы Талғар ауданының құрамына енген. 2013-2014 жылдары Алматының Медеу ауданына қосылды. Содан бері осы шағынаудандардың тұрғындарын сапалы сумен және кәрізбен

қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып қала берді. 2022 жылы «Каменск үстірті» шағынауданында ұңғыманың дебегі 2,5 есе – 150-ден 60 м³-ге дейін төмендегесін қала басшысы тау бөктеріндегі тұрғындарды тау өзендеріне тәуелділіктен арылтуды тапсырды.

Сонымен қатар, 2023 жылы Алматы өңіріндегі әдеттен тыс ыстық ауа райы Шағын Алматы шатқалында таулы қар жамылғысының қарқынды еруіне түрткі болды, бұл өз кезегінде Кіші Алматы өзеніндегі су деңгейінің күрт көтерілуіне, жағалаулардың шайылуына және жергілікті сел шығарындыларына әкелді. Өзендегі судың лайлану деңгейінің жоғарылауы санитарлық нормаларға сәйкес тазартуға мүмкіндік бермеді. Осыған байланысты қаланың жоғарғы бөлігінің тұрғындары шектеу аймағында болды.

СОТ ШЕШІМІ

Ірі құрылыс нысаны бұзылды

Алматының қала құрылысын бақылау басқармасы Достық даңғылы, 170/1 бойынша ғимараттың бұзылғаны туралы хабарлайды.



бойынша талап қою қызметінің нәтижелері бойынша өткен жылдан бастап 36 заңсыз нысан толығымен немесе ішінара бұзылды, оның ішінде бизнес-орталықтар, мейрамханалар, толықтырулар мен автосервистер, «Мечта» және КНАН сияқты ірі тұрғын кешендері бар.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Алматының Қала құрылысын бақылау басқармасының мәліметінше, «Қазақстан» қонақүйінің жанындағы субұрқақты қайта жаңарту бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары рұқсатсыз жүргізілген. Сол себепті, қонақүй маңындағы субұрқақты жөндеу жұмыстары тоқтатылды.

СУБҰРҚАҚТЫ
РҰҚСАТСЫЗ ЖАҢАРТҚАНменшік иесі жауапкершілікке
тартылуы мүмкін

«Нысанда жұмыс тоқтатылды, «Crown Star» ЖШС меншік иесіне қатысты жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде бұзушылықтарды жоюға нұсқама бере отырып, ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабы 1, 321-бөлігі бойынша шаралар қабылданды. Бүгінде басқарма ұйғарымды мәжбүрлі орындау үшін сотқа талап арыз береді», делінген ведомство хабарламасында. Алматы қаласы Мәдениет басқармасының хабарлауынша, қонақүйдің жанында көрсетілген субұрқақ ескерткіш болып табылмайды. Алайда, ол күзет аймағының аумағында орналасқан:

«Қазақстан» қонақүйінің ғимараты Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 17 наурыздағы қаулысына сәйкес, Алматы қаласының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілді. Осыған

байланысты нысан аумағында қандай да бір құрылыс немесе жаңарту жұмыстарын жүргізу үшін меншік иесіне тиісті ғылыми-жобалау құжаттамасын дайындау және ғылыми-реставрациялау жұмыстар жүргізу қажеттілігін негіздеу қажет. Алайда, бұл орындалмады, ғимараттың иесі басқармаға жүгінбеді».

Биыл сәуірде Мәдениет басқармасының қызметкерлері шағым түскен нысанды тексеріп, «Crown Star» ЖШС қонақүй иесінен күзет аймағының аумағында құрылыс жұмыстарын тоқтатуды және бұзушылықтарды жоюды талап етті. Бұған қоса, 2024 жылы 24 мамырда Алматы қаласы Медеу ауданының прокуратурасына қонақүй иесін жауапкершілікке тарту туралы сұрау жіберілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Гидравликалық сынақ жүргізіледі

«Алматы жылу желілері» ЖШС мамандарының хабарлауынша, 17–28 маусым аралығында Алматының барлық ауданы аумағында жөндеуден кейін жылу желілерін гидравликалық сынақ жүргізіледі.

Бұл күндері күн сайын сағат 04.00-ден 07.00-ге дейін, магистральдық және тарату құбырлары тексерілетін кезде қала тұрғындары мен қонақтарына өте мұқият болуға, сақтық шараларын сақтауға кеңес беріледі! Мамандардың айтуынша, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шарасына қарамастан, су бетіне шығу, жол төсемінің ішінара бұзылуы және т.б. штаттан тыс жағдайлар болуы мүмкін. Мұндай кезде өз бетінше ешқандай әрекет істеменің, дереу оқиға орнынан алыстап, оны «Алматы жылу желілері» ЖШС-не 378-06-48, 378-06-62 (тікелей нөмір), call-орталық: 341-07-00 немесе 341-07-77 (қосымша 1011 немесе 1014), сондай-ақ 109 телефондары арқылы хабарлаңыз. Жылу желілерін сынау кестесін «Almaty aqshamy» газеті сайтынан көруге болады.

Айта кетерлігі, кесте бойынша аталған аумақта тұратын тұрғындарға ыстық су беру тоқтатылмайды. Гидравликалық сынақтар қалалық жылу кешенін алдағы жылыту маусымына дайындау аясында жылу желілерінің, олардың жабдықтарының жағдайын тексеру және құбырлардың ақауын анықтау үшін жүргізіледі. Сондықтан уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұраймыз.

Қ.ЖҰМАДИЛОВА.



КӨГІЛДІР ОТЫН

Алматының Наурызбай ауданын дамыту үшін 7 шақырымға жуық газ құбыры салынып жатыр. Бұл инфрақұрылым аталмыш аудандағы мыңдаған тұрғынын тұрақты газбен қамтамасыз етеді.

ЖАҢА МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ САЛЫНЫП ЖАТЫР

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Мегаполис басшысы Ерболат Досаев жұмыс сапары барысында Алматының Наурызбай ауданында газбен жабдықтаудың магистральдық желінің құрылыс барысымен танысты. Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының тапсырысымен қарқынды дамып келе жатқан Наурызбай ауданында ұзындығы 6,7 км жаңа жоғары қысымды газ құбыры салынады. Биыл ақпанда мердігер «Akbars stroy Ltd» ЖШС-мен шарт жасалды.

Сала мамандары Алматы қаласының әкіміне жұмыстардың жоспар бойынша жүргізіліп жатқаны баяндады. Қазір «Alma City» ТҮК аумағында 168 м құбыр төселді. Алатау даңғылында траншеялық жұмыстар

жүргізілуде, онда 825 м құбыр төселді, Сәбденов көшесінде тесу әдісімен 96 м газ құбыры тартылды.

Ерболат Досаев болашақта іркілістерді болдырмау үшін ауданның болашағы зор құрылысын ескере отырып, газбен жабдықтау желілерін салу қажеттігін атап өтті. Жаңа магистральдық газ құбырын іске қосу жеке жеткізуші қызмет көрсеткен қалаға қосылған аумақ тұрғындарының көпжылдық мәселесін шешеді.

Сондай-ақ, «Alma City», «Елім-ай 4» ТҮК, «Елисей алаңдары» КҚ және болашағы зор құрылыс сынды жаңа құрылыстардағы 3 мың адам тұрақты газбен қамтылады. Құрылыс 2024 жылдың қазан айында аяқталады деп болжанып отыр. Айта кетейік, бүгінгі таңда жалпы, Алматы қаласы бойынша газ тарту деңгейі 99,4% құрап отыр.

ЦИФРЛЫ АЛМАТЫ

ЖОЛ АҚЫСЫНЫҢ ЖАҢА ТӨЛЕМІ ЕНГІЗІЛДІ

Алматылықтар метрода бет-әлпетімен жол ақысын төлей алады. Алматы метросында Face Pay жүйесі іске қосылды.



Жаңа төлем жүйесінің салтанатты ашылуы «Сайран» бекетінде өтті. Іс-шараға Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Олжас Жаңабек, Алматы қалалық Мобильділік басқарма басшының орынбасары Серік Құмарғазин, Алматы Метрополитені директорының м.а. Алмасбек Орынбеков және қала тұрғындары мен қонақтары қатысты.

– Метро қаладағы ең ыңғайлы әрі жылдам қоғамдық көліктердің бірі. Енді жаңа төлем жүйесі метроны одан кейін ыңғайлы ете түседі деп ойлаймын. Алматы метрополитені мен Halyk Bank-қа әкімдік тарапынан техникалық рұқсат берілді. Жыл сайын метро қолданушыларының саны артып келеді. Бір күнде қоғамдық көліктің бұл түрі 100 мыңға дейін жолаушы тасымалдайды, – деді Алматы қалалық Мобильділік басқарма басшының орынбасары Серік Құмарғазин.

Сондай-ақ, Серік Құмарғазин Face Pay жүйесі қалалық метроның барлық бекеттерінде қолжетімді екенін атап өтті.

– Жаңа төлем жүйесі жолақыны адамның бет-әлпеті арқылы төлеуге мүмкіндік береді, Face Pay жүйесі. Мұнда жүйе әлемде кеңінен қолданылады. Енді осындай мүмкіндікті Қазақстанға әкелгенімізге қуаныштымыз. Бұл қаламыздың цифрландыруын дамыта түсуге мүмкіндік берген жобалардың бірі деп айта аламыз. Face Pay-ді қолдану үшін жолаушылар біздің қосымшамызға тіркеліп, осы қызметті қосуы қажет, – деді Halyk Bank басқарма төрағасының орынбасары Жұмабек Мамытов.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

МӘСЛИХАТ

МЕГАПОЛИС БЮДЖЕТІ НАҚТЫЛАНДЫ

Алматыда қалалық мәслихатының кезекті XIX сессиясы өтті

Сессия барысында 2023 жылғы Алматы қаласы бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіту, 2024–2026 жылдарға арналған қала бюджетіне өзгерістер енгізу, «Алтын жас» зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа орналастыру бағдарламасын бекіту мәселелері қаралды.



Досбол
АТАЖАН

Өткен жылдың есебі бекітілді

Халық қалаулыларының алдында баяндама жасаған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Асқар Әмрин алдымен, өткен жылдың нәтижелеріне тоқталды.

– Бірінші мәселе бойынша 2023 жылы қала экономикасы 10,1 пайызға өсті, бұл соңғы 10 жылдағы өте жақсы көрсеткіш. Өткен жылы өңірлік өнім көлемі 24,8 триллион теңге болды. Республика бойынша Алматының үлесі 20,6%-ды құрады. Бұл – еліміздегі ең жоғары көрсеткіш. 2023 жылда салық түсімдері жергілікті бюджеттегі түсімдер бойынша 88,5% пайызды құрады. Қала бюджетіне 1 триллион 647,4 миллиард теңге түсті. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 17%-ға жоғары, – деді ол.

Сондай-ақ, қала басшысының орынбасары Алматыдағы ауызсу, көлік инфрақұрылымы және әлеуметтік мәселелер қалай іске асырылып жатқанын атап өтті.

– Өткен жылы қала әкімдігі ауызсуға қолжетімділікті 99,3% пайызға арттырды. Сонымен қатар, коммуналдық желілердің тозуын төмендетті: су желілерін – 54,3% пайызға, кәріз – 57% пайызға дейін, жылу – 57,9% пайызға дейін. Коммуналдық шаруашылық саласына 18,1% пайыз немесе 269,9 миллиард теңге бөлінді.

Қала жолдарының 200 километріне орташа жөндеу жүргізілді, троллейбус желілерінің 83,4 километрі жаңартылды. Жастар мен халықтың әлеуметтік осал топтарына 3050 пәтер сатып алынды. 3969 орындық 14 жаңа студенттік жатақхана ашылды. Алматы қаласы бойынша тексеру комиссиясы 2023 жылғы Алматы қаласы бюджетінің атқарылуы бойынша оң қорытынды берді, – деді Асқар Әмрин.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Түсім жарнама есебінен де артқан

Ал Алматы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы Алтай Бердіқұлов мегаполисте жергілікті бюджеті неің есебінен өсіп жатқанына тоқталды. Оның айтуынша, 2023 жылы мегаполистің жергілікті бюджетіне түсетін түсімдердің қосымша резервтері іздестірілген. Соның нәтижесінде әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу ұлғайып, соның есебінен 2023 жылы бюджетке 14,9 млрд теңге түскен.

Сондай-ақ, қаланың сауда базарларын «көлеңкеден» шығару Алматының жергілікті бюджетіндегі қаражат көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берген. Мемлекеттік кірістер департаменті (МКД) жүргізген сауда базарларын паспорттау нәтижесінде «көлеңкеден» 19 898 сауда нүктесі шығарылды. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер жарнама есебінен де артқан. 2022 жылы сыртқы жарнаманың 60%-ы хабарламасыз және тиісті рұқсатсыз орналастырылған. Нәтижесінде 2023 жылы жарнамадан нақты салық түсімі 4,1 млрд теңге болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда, 600 млн теңгеге артық.

«Жергілікті бюджеттің күрделі қосымша ресурстары халықтың өмір сүру сапасын

және спорт саласына 3,1 миллиард теңге бөлінеді. Қала аудандарында жаңа кітапханаларды салу және спорттық инфрақұрылымды дамыту жоспарлануда. Бұл қала тұрғындарының мәдениеті мен денешынықтыру белсенділігін арттырады, – деді ол.

Сондай-ақ, Асқар Әмрин қала бюджетіне өзгерістер енгізе отырып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына және көлік инфрақұрылымына қаржыландыруды көбейтуді ұсынды.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласын қаржыландыру 10,8% пайызға немесе 22 миллиард теңгеге көбейтті. Сонымен қатар, «Ақсай» су жинағышын және желілерді уақытылы салуға жергілікті бюджеттен қаржы көбейтілді. Көлік инфрақұрылымын жаңарту үшін қаржыландыруды 5,7%-ға өсіру арқылы 15,1 миллиард теңге қарастырылды. Жоспарланған жобаларды жүзеге асыру арқылы көлік саласын одан әрі дамыту көзделген. Оның ішінде жақсы және орташа жағдайдағы жолдардың үлесі 86%-дан 92%-ға дейін өсті, – деді әкім орынбасары.

«Алтын жас» жобасы іске қосылады

Сессия барысында Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов 2024–2028 жылдарға арналған «Алтын жас» зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа орналастыру бағдарламасын таныстырды.

– Бұл бағдарлама зейнет жасындағы адамдарды жұмысқа тартуға тең жағдай жасауға, олардың белсенді физикалық және эмоционалдық жағдайын қолдауға арналған. Бағдарламаның мақсаты – зейнеткерлердің экономикалық және әлеуметтік белсенділігін, тәлімгерлік рөлін арттыру, еңбекке қабілетті халықтың санын ұлғайту. Бағдарламаға Алматы қаласында тұратын және тіркелген жасы бойынша зейнеткерлер, сонымен қатар меншік нысанына қарамастан Алматы қаласының жұмыс берушілері қатыса алады, – деді ол.

Алматы қаласы мәслихатының депутаттары күн тәртібінде көтерілген барлық сұрақтарды қолдап, бекітті.

СҰХБАТ

Барлық салада
әділдік орнаса...

Қазір Қазақстанның геосаятаттағы орны айқын. Әлемге бейбітшілікті сүйгіш әрі толерантты ел ретінде танылды. Ендігі меже – өркениетті мемлекеттер қатарына қосылу. Бүгінде мемлекет ісіне шын жаны ашитын азаматтар шоғыры өсіп келеді. Ондай жандар саясат, экономика, мәдениет – барлық салада бар. Бұл біздің елдің жаңа бір дәуірі басталды дегенді аңғартса керек-ті. Жаңа әділ қоғамды құратындар да отаншыл әрі білгір жастардың арасынан шығатыны белгілі. Осыған орай саясаттанушы, қоғам белсендісі Асхат ҚАСЕНҒАЛИМЕН әңгімелескен едік.

ӨРКЕНИЕТТІ ҚОҒАМ

заң мен тәртіпке жүгінеді



(Сурет: Abai.kz).

кеттер ірі державалардың арасында осындай саясат ұстанады. Негізгі мәселе – бір векторлы саясат ұстанбау. Барынша көп векторлы саясат ұстана беру керек. Яки, Қытай, Ресей, мұхиттың арғы шетіндегі АҚШ, араб пен Еуропа елдерімен де тығыз байланыс ұстана береміз. Бәрімен экономикалық сауда-саттық төңірегінде байланысамыз. Сонымен қатар, қазақтың мүддесіне сәйкес келетін саясаттан қашқақтамайық. Себебі, кез келген мемлекеттер арасында достық немесе жауластық та жоқ. Әр елдің арасында ұлттық және мемлекеттік мүдде ғана бар. Бұл Англияда қалыптасқан сөз болса да баршаға ортақ афоризмге айналды. Осы бір формуланы да еліміз басшылыққа алады.

Қандастар бағдарламасын қайта қарасақ...

– *Қазақстан тәуелсіздік алған алашқы жылдардан бастап, тағдыр айдап шетелде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың ат басын атамекенге бұрған ұлы көштің керуені басталып кеткен еді. Бірақ кейін сейіліп қалды. Қандастар мәселесін шешудің қандай жолдары бар?*

– Мұны уақыт күттірмей шешу керек. Маған Қазақстанның үш жетістігі деп сұрақ қоятын болса, бірінші – шекараның бекітілуі, екіншісі – елорданың орталыққа қарай Астанаға қоныстануы, үшіншісі – қандастардың көшірілуі дейтін едім. Атамекенге 1 миллионнан астам қандастар келді. Сонымен бірге, бірқатар оң өзгерістерді әкелді. Әуелі қазақ тілін жандандырды. Одан кейін салт-дәстүр, қала берді тарих жаңғырды. Бұны жетістік деп атар едік.

Бастапқыда 50–100 мыңдап көшіп келді. Қазір сол көш сейіліп қалды. Бітпейтін бюрократия, сол баяғы қағазбастылық алқымнан алып тұр. Ұзақ жылдар жұмыс істеген бағдарламаға өзгертулер қажет. Қандастар үшін әлеуметтік қамсыздандыру, құжат беру, жұмыспен қамту мәселелерін шешейік. Қандастар көшіп келген жеріне тезірек сіңіп кеткісі келеді. Сондықтан қазақ тілді ортаны аңсайды. Ал солтүстік өңірлерге барып орысша тіл бастарына сарт ете қалады. Теріскей болса әлі қазақшаланбай тұр. Келе салып тілдік барьерге соқтығысып қалғысы келмейді.

Жарайды, Солтүстік Қазақстанға

барғандарға ынталандыру бағдарламасы дұрыс жүзеге аспайды. Ресми қағазда бәрі әдемі жазылған, іс жүзінде қандастарды әуре-сарсанға салу доғарылмады. Google, әлеуметтік желіден қажет мәлімет іздесеніз, ресми құжат заңдық тұрғыда түсіндіріледі. Ал оны қарапайым азамат қайдан ұқсын?! Сондықтан арнайы қандастарға ресми портал жұмыс істеуі керек. Ол алдымен қазақша нақты түсіндірілген нұсқаулық болуы керек.

Қандастардың әлеуметтік мәселесін қалайда қайта қарайық. 5 жыл бұрынғы көмек түрі бүгінге жарамайды ғой. Сол уақыттағы инфляция деңгейі басқаша болды, қазіргі таңда баға деген шарықтап тұр. Шынайы қоғамдағы ахуалға қарасақ инфляция деңгейі 20%-дан кем емес. Берілетін әрқандай көмек инфляцияның деңгейіне қарай анықталуы тиіс.

Мемлекеттік тілге қажеттілік туғызу керек

– *Тіл саясатын қашан мықтап қолға аламыз?*

– Бұл мәдени һәм идеологиялық мәселе. Тіл бағдарламасының жүзеге асырылуы геосаясатқа қарап қалды. Бұны айтпаса да түсінікті. Бұның артын саясиландырып алмауды көздеп отырғанымыз анық.

Саналық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, тілді үйренемін деген адамның өз еркі. Өзге этнос өкілдерінің арасында қазақшаға сұдай азаматтар баршылық. Сонымен қоса, қазақ отбасында тұрып қазақ тілінен екі ауыз сөздің басын жөндеп құрай алмайтындар жетерлік.

Қоғамда тілді қажет ете білетін механизмдер тегініп іске қосайық. Бұл ең әуелі Парламентте басталатын дүние. Біздегі заңдар орысша қабылданып, қазақша аударылатын маскара күйдеміз. Заң шығарушы орган болғандықтан оның құзыреті жоғары. Өліге дейін заңдар мемлекеттік тілде қабылдау толық жүзеге аспай келеді. Ендеше, қарапайым жұртқа тілді тез үйреніп ал деу күрделі түйткіл саналады.

Қай күні қазақ тілі қажеттілікке айналып, мемлекеттік тілді білетін адамның мәртебесі өссе, дәрежесі жоғарылап ел-жұртқа үлгі болса, тіл мәселесін біржолата шешеміз.

– *Мемлекетшіл тұлға шоғырын қалай қалыптастырамыз?*

– Қазақ мемлекетін сүйетін, жаны күйетін отаншыл адамдар көп. Мемлекеттік органдарда да олардың саны басым. Қазір Мәжіліс пен Сенат қазақшалану бастады. Депутаттар қазақи мүдделерді айтып жүр. Ғаламторға жақсы дүниені жүктейді. Ал нашар нәрсе салынса, бәрі соны талқылап кетеді. Бұдан шығатын қорытынды – жақсы дүниеге көбірек зер салайық.

Кез келген қоғамда негатив көбірек қаралады, таралады. Бұл жекелеген тұлғаларға қарата айтылған сөз деп те түсініңіз. Яғни мемлекетті ойлайтын бірде-бір тұлға жоқ деу әбестік. Шындығында, отансүйгіш азаматтар бар. Әрине, олардың саны көп дей алмаймыз. Мемлекетшіл тұлғаның шоғырын қалыптастыру аса қажет.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

Қылмыстық іс қаралды

Алматының Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 11 сотталушыға: жаппай тәртіпсіздік пен шабуылға қатысу, күзетілетін нысандар мен оларды басып алу, сондай-ақ билік өкілдеріне қарсы зорлық-зомбылық қолдануға (272-бап, 269-1-бап 3-бап, 380-бап) қатысты қылмыстық іс қаралды.



Айнабай
МӘДИ

2022 жылдың 4-5 қаңтарында сотталушылар жаппай тәртіпсіздікке қатысып, қорғалатын нысандар – Алматы әкімдігіне, Президент резиденциясына, полиция басқармасына заңсыз кірген. Сотталушылардың қылмыстық әрекеті мүлктің жойылуына ұласып, ауыр зардаптарға әкелді. «Тәртіпсіздік барысында үш сотталушы қоғамдық тәртіп орнату жөнінде шаралар қабылдаған әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне зорлық-зомбылық көрсетті. Ал сотталушылардың біреуі екі әскери курсантты тұтқыңа алып, оларға жеңіл дене жаракатын салған. Сотталушылар кінәсін жарым-жартылай мойындады», делінген қалалық сот баспасөз қызметінің хабарламасында.

Аталған қылмыстар ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатады. Жаза тағайындау кезінде сот жауапкершілікті жеңілдететін жағдай: сотталушылардың көмелетке толмаған балаларының болуы, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы мен олардың бұрын сотты болмағаны ескерілді. Жоғарыда аталған жәйттер ескеріле келе, сот 10 сотталушыны ҚК 272-бабының 2-бөлігі, 380-бабының 3-бөлігі, 269-бабының 3-бөлігі-1), 4), тармақшалары бойынша кінәлі деп тапты. «Рақымшылық туралы» ҚР Заңы қолданыла отырып, олардың әрқайсысы 1 жыл 9 айға бас бостандығынан айырылды.

Бір сотталушы ҚК 272-бабының 2-бөлігі, 380-бабының 3-бөлігі, 1), 4), тармақтары, 269-1-бабының 3-бөлігі, 261-бабының 3-бөлігі бойынша кінәлі деп танылды. Оған «Рақымшылық туралы» ҚР Заңы қолданыла отырып, 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасы қолданылды. Үкім заңды күшіне енген жоқ.

РЕЙД

АЛМАТЫ ПОЛИЦИЯСЫ жолаушылар көлігін тексеріп жатыр

Қала тұрғындарына қызмет көрсететін қоғамдық көлік жүргізушілері жол ережесін мейлінше қатаң сақтауы тиіс. Себебі, жол – қателікті көтермейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының Полиция департаменті 10–16 маусым аралығында «Қоғамдық көлік» жедел-алдын алу іс-шарасын жүргізіп жатыр. Бұл іс-шара көлік құралымен жолаушылар мен жүкті тасымалдайтын жүргізушілердің көлік және еңбек тәртібін арттыруға, техникалық ақауы бар немесе қайта жабықталған жолаушылар көлігін пайдалану деректерін анықтауға, сондай-ақ заңсыз жолаушылар тасымалының жолын кесуге бағытталған.

– Біріншіден, қоғамдық көлік жүргізушілеріне үндеу тапсап, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауды, жолаушыларға сыпайы және дұрыс қарауды ескертеміз. Сізге адамдардың өмірі сеніп тапсырылғанын және олардың қауіпсіз, ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуге міндетті екеніңізді есте сақтаңыз. Сонымен қатар, ҰБТ-ға, экскурсияға және туристік сапарларға балаларды тасымалдау кезінде ұйымдасқан топтарды тасымалдау ережелерінің талаптарын сақтау қажеттігін еске саламыз. Балаларды көлікте тасымалдау кезінде оларды ұстайтын құралдарды және автокөлік орындықтарын пайдалану қажет, – деді Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының бастығы Асхат Құлбаев.

Сондай-ақ, спикер көліктің кез келген түрін басқарған кезде жан-жаққа алаңдамау және телефонды қолданбау керектігін еске салды. Бұл жол-көлік оқиғаларын болдырмауға мүмкіндік беретінін айтты.



ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти:

ҚҰРБАН АЙТ ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

*Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән.
Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!*

Қадірлі отандастар!

Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін.

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпандар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібесіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «*Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау*», – деген.

Үлкеннің, көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың



әлеуметтік жағдайын ескеріп, оңтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгілетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Құрметті халайық!

Алла қаласа, осы жылы да елімізде құрбан шалу рәсімі

офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма ел азаматтарына, әсіресе, қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2024.kz сайтына іске қосты. Құрбандық шалу рәсімін басқа біреуге тапсырып, оны осы істе өкіл етуге дінімізде рұқсат берілген.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылы мүфтият қызметкерлері «Раббын үшін құрбан шал» қайырымдылық жобасы аясында 1104 тонна құрбандық етін 123 594 отбасыға, сонымен қатар мүгедектер, заңғар қоры, ауруханалар мен ардагерлер үйіне жеткізіп берді. Бұйырса, биыл да осы бағыттағы қайырымдылық іс-шараларды жүзеге асырамыз.

Құрбандық еті әсіресе, су тасқынынан зардап шеккен отандастарымызға, қараусыз қалған қарттарға, жалпы әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға таратылады. Еліміздегі барша мұсылман қауымын сауапты іске үлес қосып, белсенді болуға үндеймін.

Қадірлі жамағат!

Бүгінде әлем мұсылмандары қасиетті Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 5 мыңнан астам отандасымыздың ниеті, халқымызға жасап жатқан дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілейміз.

Алла Тағала байтақ даламызға берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақаларымызды, айт күндері амалға асырған Аллаға ұнамды әрбір игі істерімізді қабыл еткей. Әмин!

QURBAN – 2024

САУАБЫ МОЛ САЛАУАТ

«Құрбан» сөзінің мағынасы араб тілінен аударғанда, «жақындау» деген мағынаны білдіреді, яғни Алла разылығы үшін жасаған сауапты істермен Аллаға жақындау. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – Аллаға құлшылық ету ниетімен құрбан айт күндері белгілі шариғи шарттарды ұстана отырып, мал бауыздау.

Исламда қандай да ғибадаттың арнайы немесе рұқсат етілген уақыты бар. Бұл ереже құрбандыққа да қатысты. Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) құрбан шалу уақытына қатысты Бәра ибн А'зібтің риуаяты бойынша былай деген: «Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын – ісіміз намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге ергені», – деген. Демек, құрбан шалудың уақыты – құрбан айттың бірінші күнгі айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшам намазына аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

Бәра ибн А'зібтің риуаяты бойынша Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) айт намазына дейін құрбандық шалу туралы былай дейді: «Кімде-кім айт намазынан бұрын құрбанын шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Бұны құрбан болуы мүмкін емес». Басқа бір хадисте: «Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын», – деп айтылған. Осылайша намазынан бұрын шалынған малдың құрбандыққа есептелмейтінін ескертеді.

Айт намазы оқылатын жерлерде Құрбандық құрбан айт намазы оқылып болған соң шалынады. Ал айт намазы оқылмайтын елді-мекенде құрбан шалу күн найза бойынан көтерілген кезден басталады, демек, таң атқаннан бастап құрбан шалуға болады.

Қандай мал шалынады?

Құрбандыққа кез келген мал жарамайды. Шариғат бойынша құрбандық ретінде шалы-



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

натын малдың өзіндік ерекшеліктері болады.

Мәселен, құрбандық ретінде мына малдар шалынады: қой, ешкі, сиыр, түйе.

Құрбан ретінде шалынатын қой мен ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық қозы, бір жасар қой сияқты малдар ірі әрі қонды болса құрбандыққа шалуға болады. Ал ешкі міндетті түрде бір жасқа толған болу керек. Сонымен қатар, қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалу абзал.

Қандай малдар жарамайды?

Алла Елшісі құрбандыққа жарамайтын мал жайында: «Соқырлығы анық белгілі – соқыр, ауруы белгілі – аурушаң, ақсақтығы белгілі болған – ақсақ және жілігі көрінетіндей өте арық малдар құрбандыққа жарамайды», – деген.

Мәселен, мынандай кемшіліктері бар малдар құрбандыққа жарамайды:

- бір көзі соқыр;
- сойылатын жерге жете алмайтын дәрежеде әлсіз;

- құлағы немесе құйрығы тумадан жок немесе басым бөлігі кесілген;
- тістерінің көбі түсіп қалған;
- желін ұшы жұлынып қалған;
- бір мүйізі немесе екеуі де түбінен сынған.

Құрбан шалуы уәжіп болған кісінің құрбандық малында аталмыш кемшіліктердің біреуі сатып алғаннан кейін пайда болса немесе алған малы өліп қалса, қайтадан құрбандыққа жарайтын мал сатып алып, шалуы керек. Ал өзіне құрбан шалу уәжіп болмаса да, сауап үшін шалуды ниет еткен кедей адамның сатып алған құрбанында бір кемшілік пайда болса, сол малды шала береді. Тіпті, құрбан шалуы уәжіп болмаған кедей адам, бойында кемшілігі бар малды сатып алып, құрбан ретінде шалуына болады. Өйткені, кедей адамның шалған құрбандығы – нәпіл құрбан. Нәпіл ғибадатта кеңшілік пен кешірім бар.

Бірігіп құрбан шалуға бола ма?

Қой немесе ешкіні тек қана бір адам құр-

бан ретінде шала алады. Ал сиыр немесе түйені, яғни ірі қараны бір кісінің жалғыз өзі шалуына болатыны сияқты жеті кісі ортақ шалуларына да болады. Бір кісі құрбан үшін, ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді.

Марқұм болған кісінің атынан бола ма?

Марқұмның атынан қажылық жасау, садақа беруге, сондай-ақ, құрбан шалуға да болады. Алла Елшісі кеудемде жаным бар кезде, Өзі үшін құрбандық шалуымды өсиет етіп кетті», – деп жауап берген. Егер марқұм болған кісі өзінің атына құрбан шалуды тапсырып кетпесе де, сауабын өліге бағыштау ниетімен құрбан айт күндерінде құрбан шалуға болады. Шалған құрбанының етінен жеуіне рұқсат. Бірақ марқұмның тапсырып кеткен өсиетін орындау ниетімен шалынған құрбанның етінен жеуге болмайды. Оның еті толық садақа ретінде таратылады.

Құрбан малының еті кімге таратылады?

Жоғарыда көрсетілген Құран аяты мен хадиске сүйене отырып, құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап екенін білеміз. Демек, құрбан малының бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне; екінші бөлігі – кедей, мұқтаждарға; үшінші бөлігі – өзінің отбасына беріледі. Шалынған малды түгелдей мұқтаждарға таратуға болатыны сияқты, түгелдей өзінің отбасына қалдыруға болады.

Оның сауабы қандай?

Пайғамбарымыз Алла ризалығы үшін шалынған құрбанның әрбір қылы үшін сауап бар екенін былай деп сүйіншілеген: – Әрбір тал қылшығы үшін сауап аласындар. Қойдың жүнінің әрбір тал қылшығына да сауап жазылады. Алла Тағаланың разылы үшін жасаған ізгі амалдарыңыз бен ниеттеріңіз, шалған құрбандарыңыз қабыл болсын, Сіздерге екі дүниенің бақытын берсін. Әмин!

(Кенжәлі қажы Мырзабаевтың «Құрбандық шалу қағидаттары» кітабынан ықшамдап алынды)

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БАУЫРЛАСТЫҚ
БАЙЛАНЫС БЕКИ ТҮСЕДІАлматыда «Жібек жолы–III»
халықаралық білім жәрмеңкесі өтті

Көрме Түркия Республикасы сауда министрлігінің қолдауымен өтті. Іс-шараға Түркияның 12 жеке, мемлекеттік университеті мен 13 қазақстандық университет қатысты. Бұл көрменің ерекшелігі – әлемде тұңғыш рет түрік және қазақстандық университеттер ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылғаны.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Эврен МУДЕРРИСОГЛУ,
Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы:

ӘЛЕУМЕТТІК ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТАДЫ

Жоғары сынып оқушылары мен бакалавриат студенттеріне Түркияда білім алу туралы ақпарат беру, Түркия мен Қазақстан университеттері арасындағы әлеуметтік ынтымақтастықты арттыру үшін ұйымдастырылды. Түрік университеттері халықаралық аренада жетістікке жетуде. Түркия қазіргі уақытта ең көп шетелдік студент оқитын әлемнің үздік 10 елінің қатарына кіреді. Түркияның жоғары оқу орындарында 198 елден 350 мыңға жуық студент білім алууда. Жыл сайын Түркияға әлемнің түкпір-түкпірінен білім іздеген жастар барады. Осы орайда, қазақстандық бауырларымыздың да Түркияда білім алуы барлық саладағы ынтымақтастықты нығайтады деп ойлаймын.

Бүгінгі іс-шараға қатысқан университеттер өзінің білім деңгейі мен сапасын көрсетеді. Алдағы уақытта білім беру саласында зерттеулерге басымдық беретінімізді айтқым келеді. Менің ойымша, осы жәрмеңкеге қатысқан университеттер қатысушыларға білім беру бағдарламалары мен академиялық мүмкіндіктерін егжей-тегжейлі таныстырды. Осылайша екі ел арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі дамуына ықпал етеді.

Нұрлан ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Тарих және құқық институтының әлеуметтік ісі жөніндегі деканының орынбасары:

ЖАСТАР МҮМКІНДІКТІ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУЫ КЕРЕК

Біздің университеттің 4-курс студенттері Түркия Республикасының Алматы қаласындағы консулдығында волонтерлік қызмет атқарады. Солардың берген ақпаратымен келіп отырмыз. Жастарымыз түрік еліндегі беделді университеттерде білім алуына жағдай жасалып жатқанына қуаныштымын. Қазірдің өзінде Түркиядан бакалавр, магистратура мен докторантура бойынша білім алып, елге оралған мамандар көп. Мәселен, жақында тарих мамандығынан 2-3 докторант PhD докторлық диссертацияларын қорғап келді. Өздеріңіз білесіздер, Түркияның еуропалық елдермен қарым-қатынасы бізге қарағанда әлдеқайда жақсы дамыған. Шетелде білім алу мүмкіндігін дұрыс пайдалануымыз керек.



Білім жәрмеңкесінің мақсаты – мектеп бітіруші түлектер мен магистранттарға қос елдің жоғары оқу орындарын таныстыру. Іс-шараның ашылуында Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Эврен Мудеррисоглу мен университет ректорлары сөз сөйледі.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жәмеңке бұрын өткен іс-шаралардан ерекше болмақ. Себебі, көрмеге Қазақстаннан да 13 университет қатысты.

«Жоғары сынып оқушылары мен магистранттар үшін маңызды көрмені әлем бойынша тұңғыш рет Алматыда өткізіп отырмыз. Екі елдің 25 университетінің басшыларының қатысуымен 250-ге жуық ынтымақтастық туралы құжатқа қол қойылды. Қос мемлекет арасындағы ғылыми байланысты нығайтуда аталған шараның маңызы зор», – дейді KZ EXPO басқарма төрағасы Хасан Өзқаражалар.

ЖОБА

МАМАНДАРМЕН
ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

Қалада ресейлік «Ұлттық театр мектебі» халықаралық жобасының ашылу рәсімі өтті. Ресей ұлттық драма театрының (Александра театры) директоры Сергей Емельянов жобаның мақсаты туралы айтып берді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Ұлттық театр мектебі» – Ресей ұлттық драма театрының және Ресей ұлттық театрлар қауымдастығының бастамасымен жүзеге асырылған жоба. Ресейлік театр мамандары үш күн бойы қазақстандық мәдениет және өнер қызметкерлеріне театр жобаларын басқару және актерлік шеберлік бойынша дәріс өткізеді.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігінің, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен және Алматы қаласының Мәдениет басқармасымен бірлесе отырып ұйымдастырылды.

Бірінші күнгі ашылуына 70-тен астам театр басшысы мен әртістер жиналды. Сондай-ақ, Ресейдің жоғары оқу орындарынан театр жобаларын басқару және продюсерлік ету саласындағы сарапшылар қатысты.

Ашылу салтанатында сөз алған Ресей ұлттық драма театрының директоры Сергей Емельяновтың айтуынша, бұған дейін бұл жобаға Ресейдің 35 аймағы, сондай-ақ Армения, Түркіменстан, Беларусь, Әзербайжан, Тәжікстан және Сербия Республи-



касы қатысқан. Қазақстан да жобаға қатысуға ниет білдірді. 70 қатысушының жартысы театр жобалары бағдарламасы бойынша оқудан өтеді, ал қалғаны актерлік шеберлік қабілеттерін шыңдайды. Ол жоғары білім беруде «Ұлттық театр мектебі» жобасынан басқа тағы екі бағдарлама әзірленгенін атап өтті.

«Қазақстанға театр өнерінің кәсіби құрамы келді. Олардың арасында Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің, Ресей мемлекеттік сахна өнері институтының мұғалімдері, сондай-ақ, Ресей ұлттық драма театрынан да әріптестерім келді. Қазақстандық мамандармен тәжірибе алмасады», – деді Сергей Емельянов.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ЖАҢА КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ

Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, медиа-менеджер, психологиялық ғылымының кандидаты Арман Дәулетияровтың «Айман ана» кітабының тұсауы кесілді. Одан бөлек, «Қалам ұшындағы ой», «Мәңгілік Шыңғысханның хикаясы» шығармалары да қазақ тілінде жарық көріп, таныстырылды.

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МЕНІ АНАМ АРҚЫЛЫ ЖАҚСЫ КӨРДІ»


Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Біз Арман Дәулетияровты сырттай ресейлік медиа-менеджер ретінде білетін болсақ та, адами болмысын әлеуметтік желі арқылы жақыннан көре бастадық десек қателеспейміз. Ол Instagram парақшасына көбіне Айман анасымен отырған кездегі жылы әңгімелерге толы бейнежазбаларын, диалогтарын жүктейтін. Ал оқырмандары өз кезегінде Айман шешейге деген ілтипатын толасыз білдіріп жататын. Қалың орыстың ортасында өскен автордың өзі де бұл туралы кітаптың тұсаукесерінде: «Қазақстан мені анам арқылы таныды. Сондықтан осы кітаптарды қазақ тілінде шығару мен үшін маңызды болды», – деп ерекше атап өтті.

Арманның анасы – Орынбор облысындағы шағын ауылда дүниеге келіп, сауыншы болған еңбек адамы. Өмір бойы сол жерде тұрып, сонда көз жұмған. Саналы ғұмырын ұрпағының ұлтжанды болып өсуіне арнаған кісі. Тіпті, айналасындағы өзге жандарға да қазақы мәдениетті танытып өткен.

Осындай аяулы жанға кітап арнауды перзенттік парызым деп санадым дейді ұлы. Автор анасының өмір жолының қилы кезеңдерінен сыр шерте отырып, барша қазақ әйелінің бітім-болмысын, отбасындағы шешенің, әйелдің рөлін, сондай-ақ, мейірім, адалдық, қамқорлық, ана тіліне, елге, жерге деген құрмет, халыққа деген сүйіспеншілік сынды биік құндылықтарды жеткізгісі келеді.

Иә, ақ жаулықты Айман ана оқырманға табандылық пен даналықтың символы, төзім мен сабырдың үлгісі, өмірдің барлық сынағын үлкен жүрегімен жеңе біліп, бақыт төріне шыққан абзал жан-ның мысалы ретінде көрінері сөзсіз.



Арман Дәулетияров анасы туралы әңгімелегенде, көз жасын жасырып қалуға тырыспайды. Ол жанарының жиі суланып қала беретінін перзенттік сағы-



Марқұм анам елімді, тілімді, ділімді ұмытпауымды ылғи есіме салып отыратын, уайымдайтын еді. Мама, мерейтойыңызды дүркіретіп бір жасап берейік дегенімде: «Рахмет, балам, мен үшін бәрін жасадың, не керектінің бәрі бар. Басқа елде соғыс болып, адам өліп, қан төгіліп жатқанда, той тойлап отырамын ба?! Ол дұрыс емес. Өзің барсың, немелерім, ағайын-туыс жанымда болса, сол да жетеді» деп үзілді-кесілді қарсы болды. Бұл да көргендік деп білемін. Менің айтқым келгені, қандай да бір жетістіктің бастауында әке-шешемізге, отбасымызға деген махаббат жатыр. Ата-анамызға жылы сөзімізді күнде арнап отырайық», – дейді Арман Дәулетияров.

«Айманның тұңғыш перзенті – қызы Гүлшат өмірге келіп, отбасы шаттыққа бөленеді. Қысқа жіп күрмеуге келмейтін заманда ешкім де үйде отырмайтын. Айман сияқты жастардың барлығы да колхозда жұмыс істейді. Ол да баламен үйде ұзақ отыра алмайды. Ақыры, олар ойлана келе, Гүлшатты көрші атай мен әжейдің қасына қалдыруды жөн көреді. Қолы бос қариялар да қарсы болмайды. Төрт қабырғаны ермек етіп отырған шал-кемпір де бұл ұсынысқа қуана келіседі. Сөйтіп, Гүлшат күні бойы көршінің үйінде болады да, кешке ата-анасы алып кетеді. Осылайша уақыт өтіп өте берді. Айман да алаңсыз жұмыста жүреді.

Бір күні Айман жұмыстан соң қызын алып кетуге келсе, тым-тырыс. Есік жабық. Сөйтсе, атай мен әжей Гүлшатты алып, ауылдан көшіп кетіпті. Қайда кеткендерін ешкім білмейді...».

Бұл – кітаптан үзінді.

«Осы кітапты жазып біткенімде ұлым: «Сіз неге әкеңіздің ішкені туралы, кей кездері анаңызға қол жұмсағанын да неге жаздыңыз?» деп сұрады. Ал мен бір өтірік қоспай, өмірді еш боямасыз көрсеттім ғой дедім. Марқұм анам ылғи: «Балам, әкең де оңай болған жоқ. Баласын жоғалтты. Өте қиын кезеңдерді бастан өткердік. Оған ешқашан қарсы сөйлеп, көзінді алартушы болма!», – деп, әке беделін қалайда түсірмеуге барын салатын», – дейді «Айман ана» кітабының авторы.

Міне, осылай тағы бір кітап оқырмандарына жол тартты. Кездесу соңы кітаптың тұсаукесеріне жиналған оқырмандардың автордан қолтаңба алған сәттермен түйінделді.

нышы екенін айтады. Адам баласы қанша жасқа келсе де, анасы үшін – әрқашан бала.

«Бүгінде көптеген қазақстандық мені анам Айман арқылы жақсы көріп кетті.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ШАХМАТ

АҚЫЛ-ОЙ АЛАМАНЫ

Алматыда әлемнің 34 елінен 650-ге жуық жас шахматшы бақ сынауда

Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында шахматтан 26-шы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Ақыл-ой аламына 7–18 жас аралығындағы әлемнің 34 елінен 650-ге жуық жас ойыншы жиналды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл – Қазақстан қабылдаған халықаралық деңгейдегі шахмат турнирлар арасындағы қатысушылардың рекордтық саны. Жас шахматшылар 10–20 маусым аралығында барлық уақыт бақылауларында – классика, рапид және блицте бақ сынаиды.

Ауқымды чемпионат KazChess/Қазақстан шахмат федерациясы, ҚР Туризм және спорт министрлігі, Азия шахмат федерациясының, Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан теннис федерациясының қолдауымен ұйымдастырылды. Чемпионаттың бас серіктесі – Freedom Holding Corp. компаниясы.

26-шы жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты – бүгінде шахмат әлеміндегі үрдістерді белгілейтін Азия өңірі үшін маңызды оқиға. Естеріңізге сала кетейік, осы жылдың соңында шахмат тарихында тұңғыш рет әлем чемпионы атағы үшін екі матчта да Азия өкілдері күреседі: ерлер арасында қазіргі әлем чемпионы қытайлық Дин Ли-жэнь мен Үндістаннан келген Гукеш Доммарадж, қытайлық әйелдер Цзюй Вэньцзюнь мен Тань Чжунъи бар. Тәжірибе көрсеткен-



дей, Азия чемпионаттары – шахмат әлемінің болашақ жұлдыздары үшін ұшыру алаңы десе де болады.

«Біз үшін осындай беделді турнирді өткізу – жоғары сенімнің белгісі және Азия шахмат федерациясындағы позициямызды нығайту мүмкіндігі. Чемпионат біздің елімізде шахматты танымал етуге үлкен әсер етеді, жаңа есімдер ашады және біздің жас шахматшыларымыз үшін байыпты бәсекелестік тәжірибе жинауға тамаша мүмкіндік болады деп күтеміз. Біздің команда турнирді сапалы ұйымдастырып қана қоймай, қонақ-

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Жарыс алты жас санатындағы ұлдар мен қыздар үшін бөлек өтеді:

- * U8 (2016 жылы туған және одан кіші);
- * U10 (2014 ж. т. және одан кіші);
- * U12 (2012 ж. т. және одан кіші);
- * U14 (2010 ж. т. және одан кіші);
- * U16 (2008 ж. т. және одан кіші);
- * U18(2006 ж. т. және одан кіші).

КЕСТЕ:

- * 10-11 маусым: «15+10» рапид – Швейцария жүйесі бойынша 7 тур;
- * 12–19 маусым: «90+30» классикасы – Швейцария жүйесі бойынша 9 тур;
- * 20 маусым: «3+2» блиц – Швейцария жүйесі бойынша 9 тур.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

ВЕЛОШАБАНДОЗДАР САЙЫСҚА ТҮСТІ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Алматы өз тарихында алғаш рет шосседегі велоспорттан Азия чемпионатын қабылдады. Жарыс 5–12 маусым аралығында өтті.

Досбол
АТАЖАН

Жарыс бағдарламасына элиталық, жасөспірімдер және пара спортшылар арасындағы жарыстар кірді. Сонымен қатар, Masters санатындағы велошабандоздар арасында жарыс ұйымдастырылды.

Азия чемпионатының нәтижесі бойынша Қазақстан құрамасы жалпы есепте көш бастады. Біздің команданың еншісінде 6 алтын, 3 күміс және 6 қола медаль бар. Екінші орында 2 алтын, 1 күміс иеленген қытайлық Тайпей командасы тұр. Үздік үштікті 2 алтын жүлдесі бар Оңтүстік Корея түйіндеді. Сондай-ақ, тасжолдағы веложарыста Өзбекстан, Индонезия, Қытай, БАӘ

командалары 1 алтыннан еншілеген.

– Мен Азия біріншілігі басталғалы бері Алматыда жүрмін. Жарысты ұйымдастыру комитетінің жұмысы қалай жұмыс істегінін өз көзіммен көрдім. Қаланың барлық жауапты қызметкерлері өз міндетін жоғары деңгейде атқарды. Алматыдағы Азия чемпионаты ең жоғары деңгейде өткеніне қуаныштымын. Командалардың нәтижелеріне келетін болсақ, Қазақстан велоспорт бойынша Азия елдерінің алдында. Алайда, басқа елдердің де деңгейі өсіп келеді. Қазіргі уақытта велоспорт жағынан әлсіз команда жоқ, – деді Азия велоспорт конфедерациясының (ACC) Бас хатшысы Онкар Сингх.

Ал Қазақстан Велосипед спорты федерациясының президенті Райымбек Баталов спорттық инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыстар алдағы уақытта жалғасатынын айтты.

– Алматыда өткен велоспорттан бірінші Азия чемпионатының сәтті аяқталғанын мақтанышпен хабарлаймын. Бұл ауқымды шара тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл құрлықтың велоқоғамдастығы үшін маңызды оқиға болды. Еліміздің спортшылары шеберлік пен табандылықтың ең жоғары деңгейін тағы да көрсетіп, чемпионатта 21 медаль жеңіп алды, оның 8-і алтын. Мұндай ауқымды шаралардың салауатты өмір салтын дамыту және насихаттау үшін орасан зор үлесі бар. Осы спорт түрін жастар арасында дамытудың маңыздылығын ерекше атап өткім келеді. Бүгінгі жастар бағдарламасына салынған инвестицияның барлығы да еліміздің болашағы үшін болды. Біз Қазақстан велоспорт федерациясы ретінде спорттық инфрақұрылымды дамытып, жас спортшыларға қолдау көрсетуді одан әрі жалғастырамыз, – деп атап өтті ол.

САУЫҚТЫРУ



Спорттың балаларға берері көп

Жаз мезгілінде кішкентай балалардың демалысы өте маңызды. Сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде олардың демалыс уақытына ерекше мән береді. Мектепке дейінгі мекемелерде сауықтыру сағаттары арнайы белгіленген ережеге сәйкес өтеді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, мектеп оқушылары жаз бойы демалса, бүлдіршіндердің жазы балабақшада өтеді. Сондықтан олар жаз мезгілінде ағзаларына пайдалы дәрумендермен қатар күн, су, таза ауадан да қорек алады.

Қаламыздың Бостандық ауданына қарасты №90 бөбекжай-балабақшада «Әкем, Анам және мен – спортшымыз бәріміз» атты спорттық сайыс өтті. Аталмыш балабақша меңгерушісі Гүлімжан Жайлаубаева өткізіліп отырған спорттық мерекені жылдың әр мезгілінде өткізіп отыру үрдіске айналғанын айта келе, мұндағы тыныс алу жаттығуларының ағза мен қоршаған орта арасында

тарға Қазақстанның мәдениеті мен дәстүрлерімен танысуға, сондай-ақ Алматының бірегей табиғатын көруге мүмкіндік беретін қызықты шаралармен толтыруға тырысты» деп атап өтті Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов.

Қазіргі қатысушылар Азияның әртүрлі бөліктерінен келді – Ираннан Жаңа Зеландияға дейін. Ең өкілді делегациялар Қазақстаннан, Өзбекстаннан (58), ФИДЕ туының астында Ресейден (54), Вьетнамнан (48) Үндістаннан (36), Қырғызстаннан (34), Моңғолиядан (28), Сингапурдан (20), Шри-Ланкадан (19), Қытай және Оңтүстік Кореядан (17) және Ираннан (15).

Чемпионатқа қатысушылардың арасында екі халықаралық шебер бар. Жақында үшінші гроссмейстерлік норманы орындаған Қазақстаннан келген Алдияр Ансат және Суреш Харш (Үндістан), екеуі де U18 санатында ойнайды және екі халықаралық әйелдер шебері – Амина Қайырбекова (Қазақстан) және Мафтуна Бобомуродова (Өзбекстан), олар да U18 бір санатында бәсекелес болады. Мұнда ФИДЕ әйелдер шебері Нгуен Хонг Нюнг, 2022 жылғы әлем чемпионатының 16 жасқа дейінгі күміс жүлдегері. Қатысушылар арасында барлығы 24 ФИДЕ шебері және 11 ФИДЕ әйел шебері бар.

Чемпионат экологиялық таза және тұрақты даму ұранымен өтуде. Турнирде қолданылатын барлық пластик қайта өңделеді және оны арнайы велоландерде қатысушылардың өздері жасай алады. Жеңімпаз кубоктар да қайта өңделген пластиктен жасалғаны назар аудартады. Чемпионат трансляциясы Kazsport арнасының сайтында көрсетіледі. Алматылықтар мен қала қонақтары 10–20 маусым аралығында Балуан Шолақ атындағы спорт кешеніне келіп жаңа шахмат жеңістерінің куәсі бола алады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсімі 20 маусымда сағат 19.00-де өтеді.

КЕСТЕ:

- * 10-11 маусым: «15+10» рапид – Швейцария жүйесі бойынша 7 тур;
- * 12–19 маусым: «90+30» классикасы – Швейцария жүйесі бойынша 9 тур;
- * 20 маусым: «3+2» блиц – Швейцария жүйесі бойынша 9 тур.



МАМАН КЕҢЕСІ



АСҚАЗАН ОЙЫҚ ЖАРАСЫ ДА ҚАУІПТІ

№36 қалалық емхананың жоғары санатты эндоскопист дәрігері Төлеубек Сәденов асқазан жарасының қауіптілігі туралы айтып берді. Асқазан ойық жарасы – асқазанның шырышты қабатында терең ақау пайда болып, ауырсыну мен ыңғайсыздықты тудыратын ауыр ауру.

Маманның айтуынша, ауру дұрыс емделмесе, өмірге қауіп төндіретін асқынуларға әкеледі. Сондықтан ойық жараны уақытылы диагностикалау мен емдеудің ғана емес, сонымен қатар осы ауруға дұрыс назар аудармағанда туындауы мүмкін салдарды түсіну маңызды.

Асқазан жарасы зақымдалған асқазан тамырларынан қан кетуіне әкелуі мүмкін. Бұл қанды құсу (гематемезис) немесе қара түсті нәжіс (мелена) түрінде орын алады. Қан кету баяу және созылмалы болып, анемияны тудырады немесе кенеттен және жаппай болып, шұғыл медициналық көмекті қажет етеді.

Ауыр жағдайда ойық жара асқазанның қабырғасын тесіп, ішіндегінің бәрі іш қуысына ағып кетуі мүмкін. Бұл жағдай перитонит деп аталады және дереу ота жасауға тура келеді. Перфорация іштің күрт, кенеттен ауырсынуын, дене қызуын және жалпы нашарлауын тудырады.

Ойық жара асқазан қалтқысы стенозын (тарылуын) тудыруы мүмкін, бұл тағамның өтуін қиындатады да, құсуға, іштің кебуіне және тез салмақ жоғалтуға әкеледі.

Сондай-ақ, асқазан жарасы қатерлі ісікке айналуы да ықтимал. Дәрігердің тұрақты бақылауы және күдікті аймақтың уақытылы биопсиясы бұл асқынудың алдын алуға көмектеседі.

Асқазан жарасының негізгі белгілері:

- көбіне тамақтану сәтінде іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну;
- қыжыл және асқазанның ашып ауруы;
- жүрек айну және құсу;
- табет пен салмақ жоғалту;
- іштің кебуі.

Егер бұл белгілер еленбесе, ойық жара дамиды және ауыр асқынуға әкелуі мүмкін. Тәуекелді азайту үшін осы белгілер пайда болғанда дереу медициналық көмекке жүгіну, дәрігердің ұсынысын орындау және салауатты өмір салтын сақтау маңызды. Тұрақты профилактикалық тексеру ерте кезеңде жараны анықтауға және ауыр зардапты болдырмауға көмектеседі.

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ

ЕМДЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ ЕНГІЗІЛДІ

Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық ауруханасында алғаш рет жүректің өткізгіштік жүйесіне электродтарды имплантациялаудың заманауи әдісін қолдана отырып, жүрек-қан тамырлары ауруларын хирургиялық емдеудің жаңа әдісі қолданылды.

Операциялар Вроцлав медициналық университетінің (Польша) профессоры Яцек Гайектің қатысуымен шеберлік сағаты аясында өтті. Шеберлік сағаты шеңберінде жүрек өткізгіштігінің бұзылуы салдарынан ұзақ уақыт бойы зардап шегіп келген 4 отандасымызға шұғыл операция жасалды.

«Науқастардың жүрек көлемі ұлғайған, жүректің сол жақ қарыншасының бөлу фракциясының нормалары төмендеген, жүрекше-

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

АПТАП ЫСТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Жазғы аптап денсаулыққа, әсіресе белгілі бір топтағы адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін дейді №36 емхананың жалпы тәжірибелік дәрігері Айтолқын Тұрсынбек.

Маманның айтуынша, тәуекел тобына егде жастағы жандар кіреді. Өйткені, адамға жас қосылған сайын дененің терморегуляция қабілеті төмендейді. Ал бұл егде кісілерді ыстыққа осал етеді. Оларда жүрек-қан тамыр және тыныс алу жүйесі сияқты созылмалы аурулар болуы ықтимал. Бұл аурулар жоғары температура кезінде асқынуы мүмкін.

Балалар мен сәбилер де қауіп тобына кіреді. Дәрігер атап өткендей, балаларда терморегуляция механизмі әлі толық дамымаған, бұл оларды температураның өзге-



руіне сезімтал етеді. Нәрестелер әсіресе, сусыздану және ыстық соғу қаупіне жиі ұшырайды.

Бұл санатқа созылмалы аурулары бар адамдар да кіреді. Мәселен, жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, тыныс алу органдарының аурулары және басқа да

созылмалы кеселдері бар науқастар ыстық ауа райында асқыну қаупіне көбірек ұшырайды.

Жоғары температура симптомдарды, жалпы денсаулықты нашарлатуы мүмкін. Сондай-ақ, жүкті әйелдерде сусыздану және стресс қаупі жоғары болады. Жылу ана мен нәресте үшін шаршау, ісіну және басқа да асқынуға әкелуі мүмкін.

– Суды жеткілікті мөлшерде ішу керек, бұл сусыздануды болдырмайды. Дене белсенділігін, әсіресе өте ыстық кезде (әдетте сағат 11.00-ден 16.00-ге дейінгі аралық) шектеу керек. Жеңіл, кең киім киген дұрыс. Қызып кетуді болдырмау үшін мақта немесе зығыр сияқты табиғи матадан жасалған киім киіңіз. Теріңізді зиянды ультракүлгін сәулелерден қорғау үшін қалпак, күннен қорғайтын көзілдірік және жоғары SPF крем жағыңыз, – дейді Айтолқын Тұрсынбек.

СӘТТІ ОТА

ЭНДОПРОТЕЗДЕУ – КҮРДЕЛІ ПРОЦЕДУРА



Орталық қалалық клиникалық ауруханасының травматологы Дәулет Чукманов 1969 жылғы науқасқа «оң жамбас мойнын эндопротездеу» отасын сәтті жасап шықты. Бұл операция сонау 1994 жылы болған жамбас мойнының сынуынан туындаған ұзақ мерзімді мәселенің шешімі болды.

Науқастың ескі жарқатының салдарынан оң аяғы 10 см-ге қысқарып кетіп, қимыл-қозғалысы шектеліп, өмір сүру сапасы да тым нашарлаған. Операция кезінде Дәулет Чукманов оған жамбас буынының жалпы эндопротезін орнатты. 1,5 сағатқа созылған ота науқастың аяғын бұрынғы 10 см қалпына ұзартты. Буыны жұмысы да қалпына келді.

Эндопротездеу – маманның мол тәжірибесі мен кәсіби шеберлігін қажет ететін

күрделі және жоғары технологиялық процедура.

«Ота сәтті өтті, науқас қалпына келу процесін бастады. Аяқтың ұзаруы және эндопротезді орнату оның қозғалғыштығы мен өмір сүру сапасын едәуір жақсартты және қалыпты физикалық белсенділікке оралуға және созылмалы ауырсынуудан арылуға мүмкіндік берді», – дейді Дәулет Чукманов.

ДӘРІГЕРДІ ТЫҢДАЙЫҚ



МЕҢГЕ ДЕ МӘН БЕРІҢІЗ

Елімізде жуырда тері қатерлі ісігінің ең қауіпті түрлерінің бірі – меланома туралы жан-жақты ақпараттар беру мақсатында апталық өткен болатын. Меланоманы (теріде немесе меңнің орнында пайда болатын ауру) уақтылы анықтау және оны сәтті емдеу үшін ерекше назар мен білімді қажет етеді. Алматы онкология орталығының дәрігері Дарья Әбдіғалиева меланоманың белгілерін, көрінісін, қауіп факторларын және алдын алу жолдарын атап өтті.

Мең – адам денесінде кездесетін қатерсіз өспелер. Бірақ меңнің дерматологқа жүгінуге тура келетін, назар аударуды қажет ететін түрлері де бар. Белгілі бір факторлардың әсерінен мұндай меңдердің пішіні, түсі де өзгеріп, қатерлі ісікке айналуы да мүмкін. Яғни меңнің ассиметриясы өзгеріп, жиектері де бұзылып, айналасы қышып, ауырсыну тудырады, тіпті кейде қан кетуі ықтимал. Ал оның соңы қатерлі обыр дертіне ұласуы мүмкін.

– Теріде кез келген өзгерістер байқалып жатса, дереу дәрігерге барған дұрыс. Уақытылы қойылған диагноз – сәтті емделудің негізгі қадамы. Шамадан тыс күн сәулесінде болу, күн астында жиі қыздырыну, солярийлерді пайдалану, күнге күйіп қалуға бейім ақшыл тері, меңдердің өзгеше формаларының көп болуы, міне, негізгі белгілеріне осылар жатады. Ал меланома қаупін азайту жолдарын атап өтетін болсам, SPF жоғары күннен қорғайтын құралдарды қолдану қажет, аптап ыстықта күн-қағары бар бас киімдер және көзілдірік киген дұрыс. Ультракүлгін сәулесі белсенді бөлінін сағаттарда сыртқа шықпаған абзал, – дейді алматылық онколог Дарья Медетханқызы.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



КЕЗДЕСУ

Сонымен, мектептің тарихына көз жіберсек, еліміз тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізіп, әрі-сәрі күйде жүрген кезде ашылған ана тіліндегі алғашқы мектептердің бірі. Ол кезде қазақ мектептерінің қатары аз, саусақпен санарлықтай болса, дәл осы ауданда тіпті жоққа тән еді. Ұлт жанашырларының арқасында 1993-1994 оқу жылында ашылған қазақ мектебіне 1999 жылы Үкіметтің №1122 қаулысына сәйкес Сапар Байжановтың есімі беріледі. Мектеп ашылған күннен бастап, ана тілінің абыройы мен ұлтының намысы үшін еңбек етуді өзіне парыз санаған алғашқы директор Дилбар Жүнісова бастаған мұғалімдер көше жағалап, үй-үйдің есігін қағады. Өйткені, мектепті ашқан соң, оны оқушымен қамту мәселесі өте күрделі болатын. Оның үстіне қалада ана тілінде білім беретін мектептер аз болғандықтан, бұл төңіректегі ата-аналардың да құлшынысы белгілі.

Сол кездегі кездескен келенсіздіктер мен қиыншылықтар әсте ұмытыла қоймас. Дегенмен, осы жолда ұлт жанашырлары Зейнолла Қабдолов, Әзілхан Нұршайықов, Камал Смайылов, Сарбас Ақтаев, Әбілфайыз Ыдырысов бастаған ақын-жазушылар мектепке жиі бас сұғып, жас ұрпақтың рухын оятып, дем беріп отырды. Танымал тұлғалардың мектепке жиі келіп, бой көрсетуі осы маңайдың өзіне сілкініс әкелген еді.

Осылайша зиялы қауым өкілдері ана тіліндегі мектептерді ашуға белсене, бел шеше кіріскен еді. Сол жылдары ана тіліндегі мектептер кезегімен ашыла бастады. Осынау жолда талай ел ағалары жас ұрпақтың келешегі үшін сауапты іс жасап, азаматтық танытты. Мектеп ашылған жылдары, жалпы осы Баум бағының маңынан өтудің өзі қорқынышты болатын. Арада 30 жыл өткенде бір кездегі ескі ғимараттың екінші тынысы ашылды. Төңірекке ғана емес, санаға да сәуле орнады. Мектеп ауласы жасыл желекке оранып, заманауи кейіпке енді. Мектептің бет-бейнесі, болмысы мүлдем түрленіп шыға келді. Сапар ата атындағы мектеп «Жайлы мектептен» кем түспейтін өркениетті, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыратын жаңаша білім ұясына айналды. Тәлімді тәрбие мен сапалы білім ордасы 2007-2008 оқу жылында мектеп-гимназия мәртебесіне ие болды. Қаламыздағы ең беделді мектептердің қатарынан көрініп, өзіндік білім брендин қалыптастырды. Міне, талай

ҮЗДІКТЕР ТӘРБИЕЛЕНГЕН
ҮЛГІЛІ МЕКТЕП

Алматының қақпасы саналатын Түрксіб ауданының төрінде белгілі қаламгер, сөз зергерлерінің бірі – Сапар Байжанов есімімен аталатын №162 мектептің бар екенін біреу білсе, біреу білмес. Бірақ Алматыдан аттанғандар, қалаға бас сұққандар осынау ұзын даңғылдың бойында қасқая қарап, ұлтының ұстанымына айналған білім ұясына міндетті түрде ат басын бұрары анық.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ділбар ЖҮНИСОВА,
мектептің алғашқы директоры, еңбек ардагері:

Мектепке деген құрметім бөлек

Ол кезде бұл маңай Мәскеу ауданына қарайтын еді. Мені директор етіп тағайындап, өте ескі ғимаратты берді. Іштей «мынау қандай мектеп болар екен» деп уайымдап қалдым. Екінші қабатына көтерілсем, ескі темір-терсектің қоймасы екен. Сол күннен бастап әлгі ескі үйдің іші-сыртын жөндеуді бастадық қой. Ауласын да қоқыс басып кеткен еді. Көп жұмыс жасадық. Аздап мектепке ұқсатқан соң маман іздедік. Сосын әлгіде айтып өткендей, әр үйдің есігін қағып, бала іздей бастадық. Қазір ойлап қарасам, сол күндердің бәрі көрген түске айналды. Сондай қиын кезде ана тіліндегі мектептердің қатары көбейсінші деп, тіпті осында қонып қызмет еткен ардагерлер арамызда отыр. Мен қазір өзім осыдан отыз жыл бұрын армандаған мектепті көріп тұрмын. Шыны керек, тыныс-тіршілігін көрген соң ба, қайтадан мектепте қызмет еткім келіп кетті. Мектепке деген құрметім бөлек.

ҰБТ – 2024

Қазір еліміз бойынша негізгі Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы жүріп жатыр. Халқымызда «Талпынғанның тоқпағы тасқа шеге қағады» деген тәмсіл бар. Талапкерлердің талпынысы да осыған саяды. Әзірге беталыстары жаман емес сияқты. Өрескел құқықбұзушылық та азайған көрнеді. Жалпы, еліміз бойынша негізгі ҰБТ сынағы 16 мамырда басталды, алдағы айдың, яғни 5 шілдеге дейін жалғасады. Ал төтенше жағдай жарияланған 6 өңірде (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары) ҰБТ 25 мамыр мен 12 шілде аралығында өтеді. Алматы қаласының мектеп бітіруші түлектері ҰБТ-ны әл-Фараби атындағы Ұлттық университетте тапсыруда.

ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, ЖАС ТҮЛЕК!

Биыл ҰБТ-ны 180 мыңнан астам түлек тапсыруға ниет білдірді. Жалпы, бұл тестілеуде талапкерлер негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, сосын ең үздік нәтижемен грант конкурсына қатыса алады. Жалпы саны 120 сұрақты құрайтын тестілеуде жоғары 140 ұпайды алу мүмкіндігі барлық түлекке берілген. Дегенмен, әзірге Түркістан облысының түлегі ғана еліміз бойынша 138 ұпай жинап, өз білімін дәлелдеп отыр.

Түсініспеушілік немесе нәтижеге келіспеген жағдайда тест тапсырушылар тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде апелляцияға өтініш бере алады. Бұған дейін түлектер негізгі ҰБТ-ға дайындықты пысықтау мақсатында әр пән бойынша енгізілген жеке тақырыптық талдаулармен, іске қосылған онлайн байқау сынақтарымен, білім беру орталықтарының ұйымдастырған тегін онлайн сабақтарын қолдану мүмкіндігін иеленген еді.

Сонымен, түлектер үшін ең шешуші сәт 2024-2025 оқу жылына арналған білім беру гранттарын иелену үшін бәсекеге қабілеттілікті көрсететін сәт туды. Жоғары білім берудің барлық деңгейлері бойынша ағымдағы оқу жылына арналған білім беру гранттарын бөлу тізімі де жарияланды. Биыл

жоғары оқу орындарында оқу үшін 112 мың грант бөлінсе, бакалавриатқа түсу үшін 79 мыңға жуық грант бөлінді.

Бұл ретте «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары үшін кемінде 75 балл, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» кемінде 70 балл, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кемінде 60 балл (ұлттық ЖОО үшін); ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, басқа жоғары оқу орындарына кемінде 50 балл жинау керек.

Гранттар тізімінде 5000 халық тығыз қоныстанған және батыс өңірлердің жастарын жетекші жоғары оқу орындарында оқыту үшін мақсатты білім беру гранты бар. Аталмыш гранттар Атырау және Маңғыстау облысының түлектеріне арналған. Мәселен, 2024-2025 оқу жылына аталмыш облыс талапкерлері үшін 3200 грант бөлінді. Негізгі жаңашыл басымдықтары педагогикалық, өнер және гуманитарлық, IT, әлеуметтік, экономикалық, құқық, инженерлік сынды дайындық бағыттарының тізбесі кеңейтілді.

Сондай-ақ, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша колледж түлектеріне де гранттар конкурсына қатысу мүмкіндігін ұсынып отыр.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАННАН – ТАҒЫЛЫМДЫ ДӘРІС

Алматыда дін саласының қызметкерлеріне арналған республикалық бір айлық курс басталды

Нұр-Мүбәрак университетінде «Исламдық бағыттағы деструктивті және радикалды діни идеологияны ұстанушыларды радикалды көзқарастан арылту және оңалту саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру» курсы басталды.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетімен бірлескен жоба биыл бесінші рет өтіп отыр. Аталмыш курстың ашылу салтанатында Нұр-Мүбәрак университетінің ректоры, профессор Мұхаммад аш-Шаххат жат ағымға ерушілермен жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды.

Арнайы курстан өтіп, біліктілігін арттыруға еліміздің түкпір-түкпірінен исламтанушы, теолог, дінтанушы, имамдар, барлығы 77 маман келіп отыр. Аталмыш курс менеджері НМУ профессоры Сұлу Нағашыбайқызы бір айға жоспарланған курс 15 пәнге, 140 академиялық сағатқа негізделгенін айта келе, отандық білікті әрі жетекші мамандардан құралған оқытушы-профессорлар дәріс беретінін жеткізді.

Атап айтсақ, еліміздегі бірегей ислами жоғары білім ордасы Нұр-Мүбәрак ЕИМУ, Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы, сондай-ақ

белестен өткен білім ұясы өзінің орда бұзар 30 жылын толайым табыспен қарсы алды. Мектептің ардагерлері мен бүгінгі ұжым кездесіп, осынау жылдарда қол жеткізген табысының есебін берді.

Мектеп ауласында кішігірім ЭКСПО – «Білікті ұстаз – білімді шәкірт» атты пән кафедраларының көрмесі өтіп, қонақтар пән кабинеттерін аралады. Мектеп-гимназияның Бастауыш сыныптар бірлестігі, Қазақ тілі пәні бірлестігі, Қоғамдық гуманитарлық бағыттағы кафедра, Жаратылыстану пәндері бірлестігі, Ағылшын пәні бірлестігі, Эстетика бірлестігі мен Инклюзивті білім беру бірлестігінің жұмыстарымен танысты. Қазіргі таңда соңғы үлгідегі заманауи технологиямен жарақтанған мектептің білім сапасы да көтерілген. Осыдан соң қонақтар Сапар Байжанов мұражайын тамашалады. Өз ұлтын жанындай жақсы көрген қаламгердің көзі тірісінде пайдаланған бұйымдары әлі сол қалпында сақтаулы. Әлі де талай ұрпаққа қызмет етуге дайын тұр. Енді бір сәт салтанатты кешке қатысушылар Сапар Байжановтың жары, белгілі қаламгер Күләш Бейсенбіқызының, Қазақстанның Еңбек Ері Аягүл Миразованың, Түрксіб ауданы әкімінің орынбасары Ермек Айтбайұлының, Түрксіб аудандық «Ұстаз» кәсіподағының басшысы Бижамал Бактыоразованың, «Жыл мұғалімдері» Самал Дәрібаев пен Гүлзина Үржігітованың құттықтауларын зор ықыласпен қабылдады.

«Жас мамандар мектебі» Сапар Байжанов туралы моноспектакльді сахналады. Журналист Сапар Байжановтың ең сүйікті әні «Келші, айымның» толқынындағы сәулелі сәттен көз алмаған Күләш Бейсенбіқызы өзінің қатты толқып отырғанын жасырмады.

– Менің асыл Сапекем өз елінің өркендеп, өркеиетті елдер қатарынан көрінуін армандаушы еді. Әсіресе, оқу-ағарту саласының дамып, жас ұрпақтардың жаңашыл, білімпаз болғанын қалайтын. Елдің ертеңіне сенімі зор болатын. Осы мектепке Сапекеңнің аты берілгелі менің екінші отбасыма айналды. Айналайын, мектептің алғашқы директоры болған Дилбар Қуанышбекқызының еңбегі жанды. Бүгінде мына мектеп қаланың ғана емес, еліміздің де мақтанышына айналып отыр.

Рас, бір кездері мектептің деңгейі түсіп кеткенде, өз басым қатты уайымдадым. Қазір мектептің іші де, сырты да жауыннан кейінгі күндей жарқырап тұр. Бұл ретте білікті басшы Сәуле Сейдешоваға отбасымының атынан аналық алғысым шексіз, – деді танымал журналист Күләш Бейсенбиева.

ҚР ҰҚК Академиясының тәжірибелі мамандары дәріс береді.

– Жыл сайын жүргізіліп келе жатқан курс дін саласындағы мамандар үшін үлкен серпіліс әрі нәтижелі болып келеді, – дейді курстың менеджері Сұлу Исабаева.

Шындығында, бұл курс академиялық тәсілімен әрі дерадикализация әдістерінің академиялық мәселелерін, мақсатты топтармен (радикалдармен) түсіндіру жұмысын ұйымдастыру, деструктивті діни ағымдарға ерушілермен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін қамтитын өзекті дәрістік бағдарламаға негізделген. Сонымен қатар, курс соңында барлық қатысушыларға арнайы сертификат табысталады болады.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жошы ұлысын жан-жақты зерделеп, зерттеуге тапсырма бергенін білеміз. «Тарих жолы тақтайдай тегіс, түзу бола бермейді. Бұрылысы мен қалтарысы жиі кездесетін дәуірдің сыншысы да көп», – деді Президент. Тәуелсіз еліміздің тарихында әлі де болса терең зерттеліп, зерделенетін дүние көптігі байқалады. «Мың өліп, мың тірілген» қазақтың тарихы том-томға толып, атан түйеге артатындай жүк болса-дағы, Қадыр ақын (Мырза-Әлі) айтқандай «...оқулығы жұп-жұқа, бірақ-тағы».

Тап соның ішінен қазақтың қазақтығын сақтап қалған, тамырын XVIII ғасырдан тартатын Қарақұм (Қаракесек) құрылтайы тарихи жадымыздан өшіп бара жатқандай көрінеді. Осы тұсқа келгенде, өзіміздің тарихшыларымыздың тиянақты пікірі тапшы. Содан да болар, білім мекемелеріндегі «Қазақстан тарихы» оқулығында бұл жөнінде мәлімет тым жұтаң. Осы олқылықты аз да болса толықтыру мақсатында тарихи ақтандақтарды ақтарып жүрген белгілі жазушы, тарих ғылымының кандидаты Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ ағамызды әңгімеге тарттық.

ҚАЛМАҚТАР ТҮТҚЫНДАҒЫ СҰЛТАНҒА ҚЫЗЫҒА ҚАРАҒАН

– Бейбіт аға, «Ақтабан шұбырынды-ны» «Аңырақайды» айтамыз. Дәл соның алдында ел басына қара бұлт үйіріліп, елімізді тұтастай жоңғар билеп, «...ат ауыздықпен сү ішкен» шақта ерліктің, елдіктің ерен үлгісін көрсеткен Әбілқайыр хан, 1710 жылғы Қарақұм құрылтайы хақында айтуда келгенде тым саранбыз. Себебі неде? Тарихты зерттеуші ретінде осының мән-жайын тарқата айтсаңыз.

– Тәуке ханмен аталас төре тұқымдарының бірі, Жәнібек ханның кіші ұлы Өсекеден тараған Бөлекей сұлтан ұрпағы Қажы сұлтан өз әулетімен (ішінде ортаншы ұлы, болашақ Әбілқайыр баһадүр бар) Сырдың төменгі ағысында өмір сүрді. Қарақұм атырабын қыстап, жаз айларында Торғай мен Ырғыз өзендерінің жоғарғы ағысында, Жемге таяу маңда көшіп-қонып жүретін. XVII ғасырдың соңына қарай осы аумақты мекендейтін қазақтар Еділ қалмақтарының әскери шабуылына жиі ұшырады. Осындай ахуалда жасөспірім Әбілқайыр шайқасқа ерте араласып, ұрыстарда ержүректігімен, батырлығымен ерекшеленді. (Ресми тарихи әдебиетте ол 1693 жылы дүниеге келді деп жазылып жүр. Алайда, Әбілқайыр ханның өмір жолын терең әрі жан-жақты зерттеп, теңдессіз ғылыми-зерттеушілік жұмыс жүргізген тарихшы Ирина Ерофеева оны XVII ғасырдың 80-жылдарының орта кезінде туған деп санайды. Дегенмен, біз бұған сәл түзету енгізіп, Әбілқайырды Тәуке хан таққа отырған шамада 1680 жылдары дүниеге келген деген ойға тоқтадық).

Әбілқайыр жастай небір шайқасты бастан өткерген. Еділ ойраттарының қолбасшылары оны тұтқынға түсіріп, жүрек жұтқан жас қазаққа әрі таңдана, әрі қызыға қараса керек. Аюкеге амалсыз Әбілқайыр сұлтан да қызмет етті. Зерек те ақылды жас батыр сол шақтағы аса беделді әрі танымал дала қолбасшы ретінде мойындалған Аюке ханның әскери істі қалай ұтымды түрде қайта құрып алғанын зерделеді. Оның жүзеге асырып отырған ел басқару жүйесін парықтады. Қалмақ ханының әскери-саяси қызметіндегі елеулі озық тәжірибені байқады. Ол іске асырған амал: байырғы дала әдетіне суропалық дәстүрді кіріктірудің анық артықшылығын аңғарды.

– Әбілқайыр баһадүр естек (башқұрт) көтерілісіне қатысты деген дерек бар...

– Біраздан соң Әбілқайыр Сыр суымен шектесетін дала мен Қарақұм алқабында өмір сүріп жатқан туған-туысына оралды. Елге оралғаннан кейін тез арада айналасын өзінің жеке басының батырлығымен бірге, шайқас жүргізудегі өте оңтайлы тәсілдерді ұйымдастыра білетін әскери шеберлігімен қайран қалдырып, мойындатты. Ұзамай қазақтар мен қарақалпақтардан құралған жасақты бастап,



Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,

жазушы, тарих ғылымының кандидаты,

«Әділет» тарихи-ағарту қоғамы төрағасының орынбасары:

ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫ
ТЕРЕҢ ТАНЫҒАНДА,
БӘРІ ОРНЫНА КЕЛЕДІ

башқұрт елінен бір-ақ шықты. 1708 жылдар шамасында башқұрт қолбасшысы Алдар Есенгелдиннің шақыруымен ол қазақ-қарақалпақ құрама жасағымен патша әскеріне қарсы белсенді ұрыс жүргізді. Әбілқайыр өзі машықтанған әскери өнерін өз жасағы мен көтерілісшілерге үйретті. Әбілқайыр баһадүрдің әскери қолбасшылық қабілетіне тәнті болған башқұрттар оны өздерінің ханы деп атады. Бұл кезде Қазақ хандығы уақыт өткен сайын үдей түскен жоңғар басқыншылығына қарсылық ұйымдастырып жатқан.

– Баһадүр елге оралған соң...

– Күрделі саяси жағдайды жан-жақты сарапқа салған Тәуке хан ел билігіне реформа жасауды қолға алған. Соған орай, Әйтеке би бастаған басты адамдар башқұрт елінде орыс әскерімен соғысып жүрген Әбілқайыр сұлтанның елге қайтуын сұраған. Әбілқайыр елге оралысымен, ойраттардың екі тұстан да жасап жүрген шапқыншылығына төтеп берерлік өмірлік мәселе талқыланды басқосыларға қатысады. Осы тағдырлы сауалды қарастыруға (тарихта Қарақұм құрылтайы деген атаумен ілігі болған) халық өкілдері жиналысын шақыруға белсене атсалысады.

1710 жылғы Қарақұм құрылтайына қатысқан Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінен келген би, рубасы, ақсақалдар, басқа да басты адамдар Әбілқайырды хан лауазымына сайлап, жауға қарсы жасақталатын әскердің бас сардары етіп тағайындайды. Әбілқайыр хан мемлекеттің Түркістандағы орталық ордасында отырған Бас хан Әз Тәуке-нің батыс өлкедегі арқа сүйейтін сенімді тірегі, қазақ хандығының қабырғалы, қарымды қорғаушысы ретінде қабылданады. Құрылтай мүшелері бұл ұсынысты қызу қолдады. Сұлтандар мен билер Әбілқайыр баһадүр сұлтанды ақ киізге отырғызып, жұртшылық алдынан алып өтіп, хан көтерді. Табын Бөкенбай батыр халық жасағына жетекшілік ететін сардар ретінде танылды.

ТӘУКЕ ХАННЫҢ
ТӘУЕКЕЛІ

– Әбілқайырдың таққа отыруына тоқталсақ...

– Осылай, ойраттардың үдей түскен агрессиясына жауап ретінде, қазақ елінің батысындағы өлкеде мемлекет ішіндегі жаңа әкімшілік бірлік – өзінің әскері болатын Әбілқайыр хандығы пайда болды. Бұл – Жошы әулетінен шыққан екінші Әбілқайыр (XVIII ғасыр). Хандыққа Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы, жетіру бірлестіктерінің көп бөлігі кірді. Орта жүзден қыпшақ пен найман руларының біраз бөлігі енді. Басқыншыларға тосқауыл қоюға жұрт тас-түйін әзірленді.

Таққа отырған бетте Әбілқайыр хан көптеген өзекті мәселелермен бетпе-бет келді. Құрылтайдан кейін іле-шала өткен Қарақұм шайқасы қазақтың отаншылдығы, намысы жоғары екенін көрсетті. Дұшпанды ұйымдасқан түрде түре қуды. Оңтүстікте Цеван Равдан жоңғарлары тегеуірінді жорықтары тоқтатылмаған. Осындай күрделі ахуал салдарынан Әбілқайыр бірнеше бағытта бір мезгілде әрекет ету жолдарын ойлауға мәжбүр болды. Халқы оны түсінді, қолдады.

Әр атадан іріктелген жігіттер атқа қонды. Сонда Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр бас болып, аз уақытта қалмақты Қарақұм алабынан асырды. Жем өзенінен қуды. Жаһықтың арғы бетіне дейін тықсырды. Сарысу өзенінің сыртына қашырды. Әбілқайыр ханның қалыптасқан жағдайға байланысты тастаған ұранына Қайып хан мен Абдолла хан өз үндерін қосты. Табын Бөкенбай батыр бастаған қаһарман сарбаздар қатарына ел ішіндегі Тама Есет батыр, Қошқарұлы Шақшақ Жәнібек, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай сынды ондаған айтулы батырлар қосылды. Солар бастаған сарбаздар азаттық үшін алысып, дұшпан жасақтарын елден қуып шықты.

– Бүгінгі тарихшылардың басым бөлігінің айтуынша, Тәуке ханмен бірге біртұтас қазақ тарихы біткендей...

– Жоғалтқан көші-қондық жерлер, шұрайлы жақсы жайылымдар қайтарылды. Содан кейін бірнеше жыл бойы қазақ және жоңғар елдерімен екі арада ұсақ қақтығыс қана болып, біраз уақыт тыншыды. Цеван Равдан қонтайшы әзірге қазақ еліне үлкен армиясын бұра қоймады. Оның ірі шабуыл жасамауының бір себебі, қытаймен екі араларында жаңа соғыстың Ойраттардың негізгі әскери күші Цин-Қытай империясы әскерлеріне қарсы соғысқа жұмылдырылды. Бұл – 1715 жыл еді. Қажет шақта ру-тайпалар үш жүздің біріккен әскеріне сарбаз берді, сыртқы жаудан бірлесіп қорғанудан бас тартпады.

Тәуке хан мен оның үзегілерінің нәтижеге жетуі, ел ағаларының данышпандығы мен көрегендігі болатын. Алайда, әбден қартайған Тәуке хан өзінің осынау реформасы мүмкін еткен жаңа тарихи жағдайдағы елін ұзақ басқара алмады. Тарих ғылымында қалыптасқан көзқарас тұрғысынан қарасақ, Тәуке хан қазақ елінің тарихындағы хандық дәуір деп аталатын тарихи кезеңнің ең соңғы әрі ең кемегер ханы.

Бүгінде кәсіби, әуесқой тарихшылар Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін біртұтас мемлекеттің де тарихы аяқталды дейді. Сөйтіп, қазақ елінің әр жүзіндегі кіші хандықтардың тарихы басталды деп санайды. Біздің ойымызша, Тәуке хан тұсында қазақ хандығының конфедеративтік сипатта даму кезеңі басталды деу әділ болмақ. Тарихта бұл жағдайды біртұтас қазақ хандығының өмір сүруін тоқтатқаны, қазақ хандығының үш жеке хандыққа ыдырағаны деп түсіндіріледі. Патша заманында да, кеңес заманында да, қазіргі тәуелсіздік дәуірінде де осы ой жаппай орнықтырылған. Өлі күнгі сол қалпында, сол ескірген, жаңартылуы қолға алынбаған күйі қайта қаралмай тұр.

Біз бұл бөліністі қазақ хандығының тұтастығын, бірлігі мен қуатын арттыруға бағытталған шара деп білеміз. Шара Тәуке ханның көзі тірісінде жүзеге асырылды. Ол іс жүзінде бас хан, ұлы хан, қаһан саналды, ал жаңадан аймақтық таққа отырған үш хан (Ташкентте – Абдолла, Арқада – Қайып, Қарақұмда – Әбілқайыр) дербестігі бар, бірақ ірі мәселелерде жалпықазақ мүддесін көздейтін шешімді басшылыққа алатын, бас билеуші Тәуке ханға қарасты әміршілер болып саналды.

ҚАРАҚҰМДА ҚАЙРАТҚА
МІНГЕН БАҒАДҮР

– Арал маңындағы ру-тайпалар Әбілқайыр маңына қалай бірікті?

– 1723 жылы ел-жұртты көл-көсір қайғы-қасіретке душар еткен «Ақтабан шұбырынды» трагедиясының алғашқы айларында дұшпан қазақтардың басты саяси орталығы Түркістан шаһарын басып алды. Осы кезде әжіл әрекет ұйымдастыра алған жалғыз тұлға – қазақтың аға ханы Әбілқайыр баһадүр.

Ол Арал маңындағы ру-тайпалардың намысын жанып, жоңғар агрессиясын қайткенде кері қағуды көздейтін ахуал туғызды. Өзін содан бір мүшелден астам уақыт бұрын хан көтерген құмды өңірді мекен еткен баршаны Отан қорғау ісіне жұмылдыра алды. Сондағы ел-жұртының қолдауымен қысқа мерзім ішінде қазақ пен қарақалпақ жігіттерінен жиырма мың сарбаздан тұратын қол ұйымдастырып, жарактандырды. Әскери өнерге баулыды.

Бірақ оңтүстікті, оңтүстіктегі қазақ елінің бас қаласын басып алған жоңғарға емес, солтүстік-батыстағы қалмақ иеліктеріне қарай шапты. Сол аймаққа жасаған жорығы нәтижесінде Әбілқайыр хан елдің терістік жақтағы шекарасын қауіпсіздендіріп алды да, шапшаң қимылдап дағдыланған жауынгер жасақтарын бірден Түркістан қаласы бағытына бұрды. Жау қолындағы қалаға бірден тікелей штурм жасап, тез азат етті.

– Аға, хан – бас қолбасшы емес пе?..

– Қазақ біріккен әскерінің бас қолбасшысы міндетін аға хан Әбілқайыр баһадүрге жүктеді. Бас қолбасшы ретінде таңдалған Әбілқайыр баһадүрді Ордабасы құрылтайында аға хан мәртебесіне сайлаудың қажеті жоқ еді. Ол бұл мәртебеге Тәуке ханның ізбасары Қайып хан қаза тапқаннан бері, 1719 жылдан ие болатын. Оны көне меритократиялық тәртіпті басшылыққа алған билер кеңесі қолдаған. Осылай ол жеті жылдан бері аға хан саналатын. Қазақ хандығында тақта отырған әмірші әдетте әскердің де бас қолбасшысы болатын. Демек, Әбілқайырға бас қолбасшылықты беру – оның аға хан екенін мойындау. 1710 жылғы Қарақұм құрылтайында да, 1726 жылғы Ордабасы құрылтайында да ол өзіне көрсетілген сенімді ақтап, хан дәрежесі міндеттейтін қолбасшылықты адал атқарды.

Әңгімелескен
Айнабай МӘДІ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ОТАНДЫҚ ӨНЕРТАПҚЫШ

шығыны аз, пайдасы көп ерекше генератор ойлап тапты

Қазір ғылым мен техниканың дәуірі. Адамға жайлы қоныс, жылы-жұмсақ, рахат өмір қажет. Мұның бәрін жасайтын еңбек адамдары. Ежелден өлкемізде талай білгір мен ілімдар өмірге келген. Орталық Азия, соның ішінде қазақ жері ғылыми-инновациялық жаңалықтың қарашаңырағы болды. Бүтінгі таңда қолынан өнер келетін азаматқа сұраныс жоғары. Жаңа технологияға бейімі бар жандар арамызда жетерлік. Дәлірек, электр желілерінің тиімділігін арттыратын мамандар тапшы. Бірақ қазақта «он саусағынан өнер тамған» шебер түтесілген емес-ті. Сондай жанның бірегейі, экологиялық тиімді генератор ойлап тапқан, өнертапқыш Марат ЕРҒАЗЫҰЛЫМЕН арнайы сұхбаттасқан едік.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жаңа көкжиек

– Жаңалығыңыздың қыр-сырымен таныстырсаңыз...

– Негізі, ток көздері көп. Мысалы, оны жер, су, күннен алады. Кей елдерде су электр станциясы, атом электр станциясы құрылған. Бұлардың бәрі электр қуатын өндірудің жолдары болып есептеледі. Біз бұл жолдан сәл басқаша бағытты таңдадық. Яғни экологиялық тиімді әрі шығынды көп қажет етпейтін генератор ойлап таптық. Құрылғының ішінде желсорғыш бар, сол арқылы айналып, ток өндіріледі. Оны қарапайым тілмен айтып жеткізу оңай емес. Бірақ негізгі күші табиғатқа, ауаға зиян келтірмей, көп орынды алмай, көптеген шығынды қажет етпей жасауға болады. Өзінің бойында батырмасы бар, соны басып іске қоса аласыз.

Бұл жайында телеарналар, әлеуметтік желілерде жарияланды. Енді біргіндеп газет-журналға жазылып жатыр.

– Осы іске қанша уақыт жұмсалды?
– Мамандығым бағдарламашы. Дегенмен, мамандықты қойып, ұнаған салаға бет бұрдым. Бірақ қызығушылығым, ток көздерін шығару еді. Осы салада шұғылданып жүргеніме 10 жылдан асты. Жасым 38-ге

келді. Өнертапқыштық жолда жүріп, отбасын құруды ойламадым.

– Жобаңызды қайда, қалай пайдалануға болады?

– Көліктердің аккумуляторы, елдімекен, аудан, қала, облыс, тұтас республиканы электр қуатымен қамтамасыз етуге болады. Ол үшін әр өңірдің өзінің генераторы болғаны жөн. Бұл 25 жылға дейін қызмет етіп береді. Өрт қауіпсіздігіне шыдамды. Шын кіріссек, гигаватт өндіре аламыз. Мысалы, 20 гигаватт қажеттілік болса, оны да жасауға мүмкіндік бар. АЭС-тен гөрі эко генератор тиімді.


– Бұны іске қосу үшін зауыт салу қажет пе?

– Арнайы жер бөлініп, орын белгіленсе жеткілікті. Өзіммен бірге істеп жүрген мамандар бар. Өнерлі іскер адамдармен бірлесіп, бұл істі алға жылжыту керек. Бұған зауыт салынуы қажет-ақ. Дәлірек, өндірістің қуаттылығын арттырып, жаңа мүмкіндіктер жасауымыз қажет.

Шетел қызығады

– Экологиялық қауіпсіздік қаншалықты сақталған?

– Орынды сауал. Бүгінде өндіріс орындары көптеп салынып жатыр. Кәсіптің сан-салалы жолдары пайдаға асуда. Ал



мұның баршасы әлбетте ток қажет етеді. Халық саны артып, үй-жай тұрғызылуда. Генераторымыздың аса бір дарылдаған даусы шықпайды. Демек, жұрттың мазасын алмайды деген сөз. Одан соң апаттық жағдай болса, жарылатын дымы жоқ. Мысалы, күн мен желден қуат алатын ток көздері бұлтты күндері, самал соқпаса істемейді. Бұрын су электр станцияларын істету үшін өзен көлдердің арнасын бұрып, табиғаттың қалпын өзгерту қажет болатын. Ал экогенераторымыз ондайға қарамайды. Негізі, өз өнімімізді мақтағанымыз емес, бірақ мұның бағы жанса, болшағы зор.

– Генераторды қолданысқа енгізуге ұсыныстар түсті ме?

– Әлбетте! Алыс-жақын шетелдерден хабарласады. АҚШ, Қытай, Канада, Ресей, Өзбекстан және т.б. елдерден ұсыныс айтып жүргендер бар. Әлемде ток тапшы. Шетелдік инвесторлар мұны біліп отыр. Сондықтан болашағы бар жобаға сырт мемлекеттер, қалталы бизнесмендер қаржы құюдан тайынбайды.

Бірақ қолдау мен демеу Қазақстанда болса дейміз. Отандық өнім ретінде патент

алдық. Мақсат – жобамыз өз елімізге игілігін беріп бастаса дейміз. Әйтпесе, шетелге барып, сыртта өндіруге де болады. Дейтұрғанмен, елдің ішкі сұранысын арттыру бәрінен маңызды деп санаймыз.

Қазақтан шыққан генератор болса, өзімізде ток көздері мол өндірілсе, құбақұп. Әйтпесе, жаңалықтың барлығы сырт елде шығатындай әсер қалыптастырады. Отаншылдық сезімге мән беріп, сыртқа өнімді жібермей, қоныс аудармай тұрған жағдайымыз бар.

Ойымды тереңінен жеткізейін. Кезінде әнші Димаш Құдайбергенді осында жүргенде бағалай қоймады. Ал шетелге барып танылып, атағы дүркіреген соң бәрі мойындады. Сол сияқты, қолдау жасалмаса, амалсыз сыртқа кетуге мәжбүрміз.

Жаңалық жерде жатпауы тиіс

– Жобаңыз шетелде қолдау тауып, бізде қолдау таппаса қайтпексіз?

– Біздің барған тауымыз, баспаған баспалдағымыз қалмай барады. Инвесторларға да, құзырлы орындарға да барып жаңалықты таныстырдық, көрсеттік, болашағын айттық. Барлық жерде жауап біреу, «иә, табады» деп құр сөзбен шығарып салады. Одан кейін ешкім іздемейді. Болмаса, 5-6 ай күтерміз, тіпті болмаса, әлгі қолдау білдіріп, қызығушылық танытқан сырт жақтың инвесторларына барамыз. Өйткені, ғылыми-техникалық жаңалық жерде жатып қалмауы тиіс.

– Елге өніміңізден кәде жаратуға бола ма?

– Қазір ток көздерін ұлғайту қажет болып тұр. Әлгінде айтқанымдай, жарық тапшылығы жыл өткен сайын сезілуде. Біз өзімізге сырттан ток тұтынамыз. Қырғызстан, Өзбекстан аумағынан келетін энергия көздері баршылық. Сондықтан ток көздеріне өзгелерге мұқтаж болмас үшін ертеңгі ахуалды бүгін ойлаған дұрыс. Егер шетел біздің өнертабысымызды өздеріне жаратса, сол елдің көрсеткіші саналады. Сөйтіп, өзімізге энергияны еселеп саатады. Бізге бұл керек пе? Әрине, жоқ! Сондықтан ғылыми әлеуеті зор жобалардың қай-қайсысын да қолдап-қуаттаған жөн. Өзіміз токты мол етіп шығарып, сыртқа пұлдайық. Міне, сонда ішкі нарықты қамтамасыз етеміз, сырттан да пайдаға кенелеміз.

Ғалымдармен кеңесіп, бұл істің тынысын аша түсу қажет. Түпкі ниет қазақ азаматы ойлап тапқан іс – әуелі Отанымызға игілігін берсе дейміз.

– Ісіңізге игілік қалаймыз!

МӘСЕЛЕ

ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Өткен аптада Алматы қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасы «Жетісу» ықшамауданында гашиш пен марихуана жасалатын есірткі притонды жойғаны туралы хабарлады. Жалпы, құқық қорғау органдарынан есірткі тауарларының не есірткіге масайған нашақорлардың үсталғаны туралы күнделікті хабар келіп жатады. Дегенмен, тамыры терең есірткі саудасы қоғам үшін әлі де ауыр дерт болып тұр.

Досбол
АТАЖАН

Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Дәурен Көбеевтің айтуынша, миллиардтаған ақша айналымы бар есірткі бизнесін түбегейлі жойып жіберу оңай емес.

«Қазақстанда есірткі саудасының алғашқы толқыны 1990 жылдары болды, 2000 жылдары героин саудасы белең алды. Қазір синтетикалық есірткі тарап жатыр. Біз адамдарды сақтандыратын арнайы бейнероликтер жасап жүрміз. Бірақ қазір әлеуметтік желілерде ақпарат ағыны өте қарқынды. Бүгін көрілген бейнеролик ертең ұмытылып кетеді. Біз оқу орындарында түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Бірақ бұл да жеткіліксіз, жастардың ойынан шықпауы үшін бізге үлкен қарқын мен алгоритм қажет. Есірткі бизнесі нәліктен бізден бір қадам алда жүреді? Себебі, онда миллиардтаған ақша айналымы бар. Біздің тонналар есірткіні тәркілеуіміз де үлкен нәтиже бермейді. Батыстың тәжірибесіне қарасақ, олар есірткі саудасына қаржы жағынан соққы береді. Яғни қаржылық барлау қызметтерінің жұмысын күшейту керек», – деді Дәурен Көбеев.

Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палата отырысында Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаев еліміз-

дегі есірткі өндірілетін негізгі аймақтар – Алматы қаласы мен оған жақын облыстарда екенін айтты.

«Елдегі есірткі ахуалы үш негізгі факторға байланысты: өзімізде өсетін канабис шикізатының болуы, солтүстік бағыт бойынша ауған героинінің трафигі, синтетикалық препараттардың таратылуы. Әсіресе, оңтүстік өңірлеріміз ірі көлік-логистикалық тораптарда орналасқан – Алматы қаласы, Алматы, Жетісу облыстары. Биыл аталған облыстарда синтетикалық есірткі өндіретін зертханалардың негізгі бөлігі байқалды. Жыл басынан бері құқық қорғау және арнайы органдармен 33 есірткі зертханасы жойылды. 10 тоннадан астам прескусорлар тәркіленді. Осылайша тұтынуға дайын 1 тонна есірткі затының өндірісіне жол берілмеді. Бұл шамамен, 3 миллион бір реттік доза және мыңдаған құтқарылған өмір», – деді Марат Қожаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында синтетикалық есірткінің қоғамға қауіп туралы айтып, тиісті ведомствоға нашақорлықпен және есірткі саудасымен күресудің кешенді жоспарын әзірлеуді тапсырған болатын. Биыл Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтай кезінде Президент халқымызға қауіп төндіретін 5 кеселдің қатарында есірткі саудасы мен нашақорлық мәселесін тағы да қозғап өтті. Полиция майоры Дәурен Көбеев Президент тапсырмасына орай 2023 жылдың 29 маусымында «Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітіліп, синтетикалық есірткі қолданысын 5-6%-ға азайту жоспарланғанын атап өтті.

Құзырлы органдар адамның жанын да, тәнін де өлтіретін дертпен күресте қоғамдық ұйымдар мен қарапайым тұрғындардың көмегін артық етпейтіні жасырын емес. Алматы қаласында әкімдік пен Полиция департаментінің іс-қимылдарынан бөлек есірткіге қарсы күрес жұмысы «Narkostop» жобасы аясында іске асады. Айтылған жоба Алматыда алғаш рет 2021 жылы іске қосылды. Граффитиді бояудан басталған жоба бүгінде өзінің бағыттарын кеңейтіп, есірткі бизнесіне қарсы жан-жақты күрес жүргізеді.

– «Narkostop» жобасының бағыттарын есірткі жарнамасын бояу, киберволонтерлік, ғылыми зерттеу, оқу орында-

рындағы лекция мен профилактикалық жұмыс деп бөлуге болады. Бірінші бағыт аясында есірткі жарнамасы бейнеленген граффитилер боялады. Киберволонтерлік жұмыс барысында есірткіні насихаттайтын онлайн-ресурстар анықталып, құзыретті органдарға хабарланады. Ал жобаның ғылыми-зерттеу бағыты есірткіге қарсы күрестің тиімді тәсілдерін тауып, қолданыстағы тетіктерді оңтайландыруға мүмкіндік береді. Қалған екі бағыт бойынша оқу орындарында жастарға есірткінің зияны жөнінде ақпарат беріледі және әртүрлі мекемелерде тренинг, «дөңгелек үстел» сынды жиындар ұйымдастырылады, – деді «Narkostop» жобасының кураторы Нұржан Жақыпов.

Ол 2024 жылдың басынан бері мегаполисте есірткі жарнамасы бейнеленген 50 мыңға жуық граффити боялғанын айтты.

– Жоба аясында жыл басынан бері оқу орындарында 32 дәріс өткізілді. Волонтерлердің және Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының көмегімен 50 мыңға жуық граффити боялып, есірткі жарнамалары жойылды. Сондай-ақ, жұмыс тобы тарапынан ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нашақор адамдар уақыт өте келе өздерін басқара алмайтын аиушаң адамдарға айналады және олар жиі өздерінің жақындарына, қарт ата-аналарына қол көтереді. Осындай жағдайда есірткіге тәуелді адамды мәжбүрлеп емдеуге жатқызу үшін де біз құқықтық көмек көрсетеміз. Биыл 50-ден астам адам біздің мамандардан құқықтық көмек алып үлгерді. Біз Алматы қаласының психикалық денсаулық орталығы және Алматы қаласы ІІД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасымен серіктес ретінде тығыз жұмыс істейміз, – деді ол.

ТҮЙІН: Полиция департаментінде атап өткендей, қазіргі уақытта есірткінің жаңа толқыны жүріп жатыр. Бұрынғы зиянды заттардан әлдеқайда қуатты синтетикалық есірткінің таралуын тоқтатып, одан балалар мен жастарды сақтау – жалпы қоғамның міндеті. Күмәнді заттарды не оны таратушыны көргенде 102-ге, ал түсініксіз граффити жазуларды анықтағанда «Narkostop» жобасына 8 (727) 339-51-99 нөміріне хабарласуға шақырамыз. Бұл дертпен қоғам болып күресейік!



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді [almaty-akshamy.kz](#) сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЕСЕПКЕ АЛУ КОМИТЕТІ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- «соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- «прокуратура, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» онлайн-режимде көрсетіледі, оған «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады, [www.egov.kz](#) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы қол жеткізуге болады.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес ресімделеді.

Egov.kz порталында «бір өтініш» қағидаты бойынша шетелге шығу үшін апостиль қойылған қағаз түрінде соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама алуға өтініш беруге болады, дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау органымен тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» [www.egov.kz](#) веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкімет» [www.egov.kz](#) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін болып табылады, апостиль қоюдан басқа оны көрсеткені үшін 0,5 АЕК мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

Б.Н.ҮСЕНБАЕВ,

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бастығы.

ПОЛИОМИЕЛИТ АУРУЫНЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫ

Полиомиелит – бұл негізінен орталық жүйке жүйесіне әсер ететін жұқпалы ауру. Аурудың қоздырғышы – полиовирус. Полиомиелит кезінде жұлынның сұр заты жиі зардап шегеді, бұл сал ауруын тудырады. Бұл сырқат аурудың белгілері болмай жүруі мүмкін, жұқтырған адамдар ауруды суық тию ретінде көрінеді, дене қызуы көтеріледі, құсу, іштің және бұлшықеттердің ауыруы пайда болады. Бұл белгілер 2–5 күнге созылуы мүмкін және жойылады. Кейбір жұқтырған адамдарда сал ауруы пайда болады, көбінесе бір аяғы немесе бірден екі аяғы сал болады.

Уақыт өте келе әлсіреген, сал ауруына шалдыққан аяқ екіншісіне қарағанда жіңішке және кішірейеді. Тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруы да кездеседі, бұл наукастың өліміне әкеледі. Аурудың көзі (3–5 айға дейін) ауру бала немесе вирус тасымалдаушы болып саналады. Инфекция ауыз арқылы таралады (ластанған тамақ, лас қолдар, су арқылы). Аурудың алғашқы 1-2 аптасында ол жөтелу және түшкіру арқылы тыныс алу жолдары арқылы да беріледі. Ауру жаз және күз айларында жиі кездеседі.

Уақыт өте келе әлсіреген, сал ауруына шалдыққан аяқ екіншісіне қарағанда жіңішке және кішірейеді. Тыныс алу бұлшықеттерінің сал ауруы да кездеседі, бұл наукастың өліміне әкеледі. Аурудың көзі (3–5 айға дейін) ауру бала немесе вирус тасымалдаушы болып саналады. Инфекция ауыз арқылы таралады (ластанған тамақ, лас қолдар, су арқылы). Аурудың алғашқы 1-2 аптасында ол жөтелу және түшкіру арқылы тыныс алу жолдары арқылы да беріледі. Ауру жаз және күз айларында жиі кездеседі.

Полиомиелиттің қоздырғышы – энтеровирустар тұқымдасына жататын полиовирус. Вирус сыртқы ортада төзімді: суда 100 күнге дейін, нәжісте 6 айға дейін сақталады.

Егер балада аурудың белгілері болса (мысалы, дене температура-сының жоғарылауы, құсу, іштің және бұлшықеттің ауыруы) медициналық ұйымдарға жүгіну керек, үйде емделуге болмайды! Бала ауырған жағдайда оны бөлек бөлмеде оқшаулау керек. Ата-аналар немесе бала күтушілері жеке гигиенаны сақтауы керек.

Полиомиелиттің өзіндік емі жоқ. Уақтылы вакцинациялау – бұл аурудан қорғанудың жалғыз құралы болып табылады. Профилактика-лық егулердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес вакцинациялау сәби өмірінің 2, 3, 4 және 12–15 айларында жүргізіледі. Иммундау үшін кепілді сапасы бар ДДҰ сертификаттаған полиомиелитке қарсы вакцина қолданылады. Қолданылатын вакциналар тиімді және қауіпсіз. Вакцинацияланған балалардың барлығы дерлік (вакцинацияланған 100 баланың 99-ы) инфекциядан қорғалған болады.

Полиомиелит жұқтырған жағдайда сәл ауруына, ал бала өмір бойы мүгедек болып қалуына, ауру тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан баланың денсаулығы мен өмірін қауіпті жұқпалы аурулардан және олардың зардаптарынан сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық екпе алу күнтізбесі шеңберінде профилактикалық егулерді уақытылы алуды ұсынамыз!

Фарида КУЗЕМБАЕВА,

Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Алмалы ауданының «Тен Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, сондай-ақ қазақ және ағылшын тілдері курстарын өткізуде.

Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А, телефон +7 (727) 378-88-04.

Әлеуметтік желілер: [tengogam.almaly.2024](#) (Telegram, Instagram, Facebook).

Алматы қаласының мәслихаты VII сайланымдағы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сырым Жұматайұлы Адамбаевқа анасы, ҰОС еңбек майданының қатысушысы, «Алтын алқа» иегері

Сағынкүл ШАЛТАЕВАНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
[rekalatauaqparat@gmail.com](#)

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
[rekalatauaqparat@gmail.com](#)
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
[alatauaqparat@gmail.com](#)
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Айнабай МӘДИ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ТАНЫМ

Sana Foundation қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Алаш аманаты» атты кезекті қоғамдық лекция өтті. Кездесуде бұрын-соңды ұйымдастырылмаған форматта Алаш зиялылары туралы қызықты тарихи оқиғалар, оларға байланысты соңғы зерттеулер мен Алаш Орда меценаттары және тағы да басқа өзекті тақырыптар қамтылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Жалпы саны 240 адамды қамтыған іс-шара көрерменнің көңілінен шығып, 4 сағаттан аса уақытты қамтыды. Айта кетерлігі, кешке Ахмет Байтұрсынұлының ұрпағы Амандық Шаймерден мырза да келіп, өзінің үлкен бағасын берді.

Ашық алаңда халықпен кездесуге театр және кино актері Байғали Есеналиев, алаштанушы, «Қыр баласы» қоғамдық қорының негізін қалаушы Елдос Тоқтарбай, «Міржақып. Оян, қазақ!», «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінің режиссері Мұрат Есжан, продюсері – Айсәуле Әбілда сынды қоғам қайраткерлері, өнер адамдары спикер болды.

«Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінде басты рөлді сомдаған Байғали Есенәлиев актер үшін әрбір рөлді сомдауда, сол бір рөл иесіндей тыныстау керегін айтып, түсірілім барысындағы есте қаларлық сәттермен бөлісті. Ұлттық кодты құратын ұлттық идеология екенін айта отырып, ұлт ұстазының сөзін келтірді:

«Адамның идеясы болу керек. Сол идея тірі болса, адамның да өлмегені. Міне, мазмұн! Ұлттық идея деген осы!», – деді ол.

Сондай-ақ, қазір қоғамға Абайды зерттегендей Мұхтарлар керегін айтты. Сол кезде Алаш аманаты қайта қолданысқа енетін болады.

«АЛАШ АМАНАТЫ»

Қоғамдық лекцияда тарихи тұлғалар туралы қызықты әңгіме болды



Продюсер Айсәуле Әбілда әлем инфра-структурасы мен Джек Лондон сынды әдебиет өкілдерімен Алаш қозғалысын қатар салыстыра жасаған зерттеуімен бөлісті.

«Бір тұлғаның бүгін жасаған жақсылығы – ертеңгі ұрпақтың қатардан қалмай өмір сүруіне себеп. Оны тең емес және салыстыруға келмейтін жағдайлар негізінде жасалған жұмыстарын құнсыздандыруға болмайды. Бұнымен күресудің жалғыз жолы – өз ұлтыңның зиялыларын толық тану, олардың ерліктерін түсіну және келер ұрпаққа дәріптеу», – деп түйді.

«Алаш элитасы: ұлттық интеллигенция, меценаттық корпус» турасында сөз сөйлеген белгілі алаштанушы Елдос Тоқтарбай қазақтың ұлт зиялылары нағыз элита екенін атап өте келе, сол ұлт зиялыларының барлық

жағдайын жасап берген сол заманның байларының меценаттық корпусының мықтылығын тілге тиек етті.

Меценаттық корпус сол кездің өзінде филантроптық деңгейге жетіп, қазақ байларының ел болашағы жолында жүрген азаматтарды қолдауының маңыздылығын көрсетті. Алаштанушы өз кезегінде ұлттық-әлеуметтік маңызы бар жобаларды қаржыландырған байлар сынды бүгінгі кәсіпкерлердің де үлкен маңызы барын басып айтты.

Қоғам үшін бүгінде ұлттық рухты ояту бәрінен маңызды әрі биік екенін айта отырып, осы мақсатта ұлт зиялыларының ерен еңбектерін оқуды тоқтатпау керек.

Сонымен бірге, белгілі экономист Мақсат Халық халық әндерін домбырамен

күмбірлете шырқады. Ұлтқа қажетті ой-пікірлерімен бөлісті.

Сонымен қатар, шара демеушілері қатарында Отандық кеңсе өнімдерін өндіруші Olja Peak компаниясы, «Ахмет Байтұрсынұнов. Соңғы үкім» фильмінің атқарушы тобы «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы» Kazakh Cinema болды.

Еске салсақ, іс-шара ұйымдастырушысы SANA FOUNDATION – қазақ кәсіпкерлігі мен ғылымын трендке айналдыру жолында жұмыс жасап жатқан қоғамдық қор. Қор кәсіпкерлік сананы қалыптастырып, білім – орта – өзгеріс құндылықтарын басшылыққа алады. Ортақ алаң бола отырып, SANA FOUNDATION ағартушылық жолында бірқатар жұмыстар атқарады.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЛМАТЫНЫҢ АСПАНЫ ҚАШАН АШЫЛАДЫ?!

Алдағы аптада бұлтты күн, нөсерлі жаңбыр жиілейді



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

«Алматының аспаны-ай астан-кестен,
Таныс жәйт қой, бұл бізге бастан
кешкен.
Төбеңе кеп найзағай от тастаса,
Көкте бұлттар сырғиды қаиқан,
көшкен...».

Иә, Алматының аспаны қазбауыр бұлттардан арылмай-ақ қойды... Көктің жүзін түгел көру мүмкін болмай тұр.

Маусымның 7-сі мен 14-і аралығындағы апта құбылмалы болды: күн де күркіреді, найзағай да ойнады, жаңбыр да жауды, жан-төзгісіз ыстық та болды. Салқын күндер де көрініс бермей қалған жоқ. Мұның сыры өткен пайымымызда жазғандай, «Мырза», «Елік», «Алакүлік» және «Саратан-Зауза» амалдарының әсері болса керек.

Қазір маусымның 9-ынан көрініс берген «түяк терлеп, қой күрлеп» деп аталатын «Орта бунақ» амалы жүріп жатыр. Қазан айының 9-ына дейін жүреді. Бұл табиғаттың жылы мезгілінің басталғанын білдіретін амал. Қазақтар әсіресе, «Саратан-Зауза» амалынан қауіптеніп, үнемі сақтанып, қамданып отырған. Жылқыны жабулап, сиырдың астына шөп төсеген. «Жабу астында жал қалады, жал қалмаса, жан қалады» деген мақал сол амалға қарап айтылған ғой.

«Көк жүзінде жерге түспей үркіп жүрген Үркер уақытша болса да көзден тасаға кетті. Енді ауа райы ысиды. Табиғат тамыршысы атанған қазақ қарттары «Үркер жерге түспей, күн жылымайды» деп осыны айтқан.

Ауа райы осы қалпын сақтай береді деуден аулақпыз. Аптаның басынан жауын-шашын сирексіп, күн ыси бастайды. Бірақ жаңбыр жаууын мүлдем тоқтатпайды. Биылғы



жаз жаңбырлы болатын сынайлы. Алатаудың басын тұмшалаған қалың қар әлі еріп біткен жоқ. Жуық арада еріп бітетін сынайы байқалмайды. Қарға бұлт үйіріледі. Күн жылт етсе болды, көңілі босап, көбесі сөгіліп шыға келеді» деп жазғанбыз. Солай болып та тұр. Алматыда болмағанмен, еліміздің солтүстік аймағында, астанада жаңбыр жауып, соңы бұршаққа ұласты...

Көшпенділердің өмірінде Ай өте маңызды рөл атқарған, киелі саналған. Сол себепті, Айдың құрылымына аз-кем тоқталып, оқарманға маңызды мәлімет бере кетуді жөн көрдім. Алдымен жиішіске орақ түрінде ғана пайда болатын Ай 7 күннің ішінде жарты Айға толысып өседі. Келесі шерігінде (7 күн)

Ай толысып шеңберге, дөңгелекке айналады. Бұны қазақ «онбесінде толған айдай» дейді. Ал енді келесі кезеңде Ай біртіндеп оң жағынан бастап кетіліп 7 күннің ішінде тағы да жартыланады – жарты Айға айналады. Осы кетілу әрі қарай жалғасып қалған 7 күннің ішінде толық мүжіліп бітеді. Міне, осы көріністерге қарап қазакең ауа райына болжам жасаған.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, маусымның – 14-і, ай есебіне сүйенсек, маусымның – 8-і. Ал біздің бабалардың есебінше, осы айдың – 1-і. Апта айдың басы мен ортасын қамтып тұр. Бұл көрініс аталмыш мерзімде ауа райы құбылмалы болады дегенді білдірсе керек.

Жаңа туған айдың үшінші жаңасын көрдік. Ай алшысынан туыпты. Көк жүзінде салбырап тұр. Бабалардың айтуынша бұл көрініс ай өзіне жайсыз, шаруаға жайлы деген сөз. Жаздың алғашқы айы жартысына жақын-дап қалса да әлі жылылық, шуақты шақ тұрақтар емес. Жаңа айдың жарасымды туысын көріп көңілге қуаныш ұялады...

Жауын-шашын алдағы аптада да өз жалғасын табатын сынайлы. Түнгі мезгілде керуендей созылып жатқан күс жолы (жұлдыздар топтамасы) бірде анық көрінсе, енді бірде көзге шалына бермейді. Бұл, біздің пайымымызша, жауын-шашынның әлі де бола беретінінің белгісі. Алматыда алдағы аптада күннің қызуы күрт көтеріледі. Алайда, жаңбыр жаууын тоқтатпайды, тіпті, ара-арасында күн күркіреп, найзағай ойнайтын күндер де болуы ғажап емес.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғат құбылысына
жасалған жорамал
Жазда:

*Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.

*Құйын көп болса, келер қыс аязды болады.

*Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.

*Аңызак ыстық – қыстағы қатты аяздың белгісі.

*Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық.

*Бұлт желге қарсы көшсе, жаңбыр жауады.